

РАМАЗАН – ЖҮРЕКТІ ТӘРБИЕЛЕЙТІН АЙ



Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасы, Бас мүфти

Баршамызды қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізген Аллаға сансыз шүкірлер айтамыз. Расында Рамазан – пенденің ораза ұстап, ізгі амалдар жасау арқылы жүрегін түрлі рухани дерттен тазартатын ай. Алла Тағала қасиетті Құранда «Бақара» сүресінің 183-аятында: «Уа, иман еткендер! Өздеріңнен бұрынғыларға парыз етілгендей сендерге де ораза ұстау парыз етілді. Бәлкім, сол арқылы (асау нәпсіні тізгіндеп), күнә атаулыдан сақтанып, тақуалыққа жетерсіңдер», – деп айтқан.

Шын мәнінде, оразаның шынайы сауабы – аштықта емес, тақуалықта. Ал тақуалықтың негізгі орны – жүректе. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Тақуалық мына жерде болады»,** – деп көкірегін үш мәрте нұсқап, адамның тақуалығы жүрегінде

болатынын айтқан (имам Бұхари).

Адамның табиғатында, яғни әу бастағы жаратылу болмысында оның жүрегі сау болады және ізгі амалдар, құлшылық жасау арқылы өзінің сау күйін сақтайды. Ал егер пенде күнәлі іс жасайтын болса, оның халі дертке душар болып,

кейін жүрегі қараяды. Міне, осы себепті де мұсылман адам өзінің жүрегіне әрдайым назар салып, ондағы дертті белгілі амалдар арқылы тазартып отыруы тиіс.

Өйткені, адамның жүрегі дұрыс болса, бүкіл амалдары дұрыс болады. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде: **«Расында адам денесінде бір кесек ет бар. Егер ол дұрыс болса, адамның бүкіл денесі дұрыс болады. Егер ол бұзылса, барлық денесі бұзылады. Біліңдер, ол – жүрек»** – деген (имам Бұхари, Мұслим). Шәкәрім қажы Құдайбердіұлы бір өлеңінде:

*«Тәңірі жолы – ақ жүрек,
Сайтан деген – қиянат.*

Ақ жүректі ертерек,

Ескер-дағы, қыл әдет», – деп жырлайды.

Осы ретте жүректі түрлі дерттен тазартатын негізгі амалдарға тоқтала кеткенді жөн көрдік. Алла Тағаланы еске алу – жүректі түрлі дерттен тазартатын амалдың бірі. Мұсылман адам шамасы келгенше Алла Тағаланы көп еске алып, зікір етіп жүруі тиіс. Бұл оның иманын күшейтіп, жүрегін түрлі дерттен тазартады.

Ал Жаратушы жақсы көрмейтін сөздерді айту, керісінше жүректің қатаюына, иманының әлсіреуіне алып келеді. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Алла Тағаланы еске алмайтын бос сөзді көбейтпеңдер. Алла Тағаланы еске алмайтын бос сөздің көп айтылуы жүректі қатайтады. Расында адамдардың арасындағы**



РАМАЗАН – ЫНТЫМАҚ ПЕН ІЗГІЛІК АЙЫ

Ауызашар дастарқанына қош келдіңіздер!

19 наурыз, 2025
Астана қаласы



Алла Тағаладан ең алыс болғандары – жүрегі қатайғандар», – деген (имам Термизи).

Жүректі түрлі дерттен тазартатын негізгі амалдардың тағы бірі – өзгелердің қателігін кешіру. Қасиетті Рамазан – кешірім айы. Бұл айда Жаратушының кешірімін үміт етіп әрі өзіміз де өзгелерді кешіруіміз қажет. Себебі, өзге адамдарға деген өкпе, реніш, кек сақтау сынды шынайы мұсылманға жат істердің барлығы пенденің жүрегіне дақ түсіріп, рухани ластануына себепші болады. Алла Тағала қасиетті Құранда «Нұр» сүресінің 22-аятында: **«Кешірімді болып, көңілдеріне алмасын. Сендер Алланың өздеріңді кешіргенін жақсы көрмейсіңдер ме? Алла өте кешірімді, ерекше мейірімді»,** – деп айтқан.

Адал ас – жүректі түрлі дерттен тазартатын негізгі амалдардың бірі. Адал ас адам тәнінің саулығына және жүрегінің түрлі рухани дерттен



Шын мәнінде, оразаның шынайы сауабы – аштықта емес, тақуалықта. Ал тақуалықтың негізгі орны – жүректе. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Тақуалық мына жерде болады», – деп көкірегін үш мәрте нұсқап, адамның тақуалығы жүрегінде болатынын айтқан (имам Бұхари).



ада болуына, ниеті мен амалына қарай мол сауапқа кенелуіне тікелей әсер етеді. Осы себепті де Алла Тағала қасиетті Құранда «Муминун» сүресінің 51-аятында: **«Таза нәрселерден жеңдер және ізгі іс істеңдер»,** – деп бұйырған.

Адамдар имам Ахмадтан (Алла оны рақымына алсын): «Дертке душар болған жүректі қалай емдеуге болады?» деп сұрағанда ол: «Адал ас арқылы», – деп жауап берген екен. Ал әл-Жунайд әл-Бағдади

(Алла оны рақымына алсын) деген ғалым: «Шынайы ихсан жолындағы адам – жүрегі Алла Тағаладан өзге нәрседен тазартқан пенде» – деген екен. Хәкім Абай:

*«Алла деген сөз жеңіл,
Аллаға ауыз қол емес.*

*Ынталы жүрек шын көңіл
Өзгесі Хаққа жол емес»,* – деп, жүрек амалдарының тілмен және іспен атқарылатын амалдардан да маңызды екенін айтқан.

Дүниеге құмарту – жүрек дерттерінің бірі. Сырттай қарағанда бұл күнә болып көрінбегенімен адамды күнәлі іске итермелейтін нәрсе. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірбаяны айтылған кітаптарда мынадай сөз бар: «Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) өмірінде екі күн қатарынан арпа нанын тойып жеген емес» (имам Бұхари). Көкірегі ояу жан бұл сөздің мәнісін бірден ұғынса керек.

Ғаламға рақым нұрын шашқан

ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) әрқашан орта жолды ұстануға шақыратын. Астамшылдыққа жол бергізбейтін. Себебі астамшылдық – адам баласын бұзатын нәрсе. Әсілінде, дүниеқұмар адам қолда бар нығметтің қадіріне жете бермейді. Ал ақыретін ойлаған адам Құдайдың бергеніне разы болады. Сондықтан бұл дүниеге келудегі мақсатын толық түсінбеген адам еріксіз дүниеқұмарлыққа салынады.

«Дүние» сөзі араб тілінде жақын, төмен деген мағыналарды қамтиды. Яғни, өткінші, алдамшы қызықтар адам баласына зиянын тигізеді. Ал дүниенің негізгі мәнін ұғынған адам әрбір жылтыраққа ермесі анық. Әсілінде, дүние тіршілігінің осы бір қырын Жаратушы Алла қасиетті Құранда былайша сипаттайды: **«Біліп қойыңдар, дүниенің тіршілігі ойын-күлкі, сауық-сайран, сән-салтанат және өзара мақтан** (яғни, мансап, атақ-абырой, мал-мүлік, бала-шаға һәм кескін-келбетпен мақтану) **ғана, сондай-ақ көбірек дүние жию және үрім-бұтақты көбейту жолындағы бәсеке ғана. Бұл бір жауынға ұқсайды: сол жауынның арқасында жайқалып өскен өсімдіктер шаруаларға қатты ұнап, төбелері көкке жетеді. Алайда артынша әлгі өсімдіктердің сарғайып, солып қалғанын көресің һәм содан кейін қу сабан мен қиқымға айналады. Міне, дүниенің қу тіршілігі деген – осы»** («Хадид» сүресі, 20-аят).

Имам әл-Мәнәуи (Алла оны рақымына алсын): «Дүниеге ақыреттің егістік алқабы деп қарау керек. Ол өздігінен жаман емес. Кімде-кім шариғат талаптарын орындап дүние тапса, онда ақыретінде жемісін көреді. Бұрынғылардан қалған сөз бар: «Дүниеге арқа сүйеме! Ешкім

оны ұстап қала алмады. Мүлдем баз кешпе! Себебі ақыретіндегі сауап пен жаза соған байланысты», – деп айтқан», – деген екен. Рамазан айында барынша жүректі сүйіспеншілікке, мейірімге, иманға, тақуалыққа толтырған дұрыс.

Жүректі тәкаппарлықтан сақтау қажет. Адам баласын екі дүниеде бақытсыздыққа апаратын қасіреттің бірі – тәкаппарлық. Тәкаппарлық – Алла Тағала жақсы көрмейтін, адамдыққа жат сипаттардың бірі. Ал көкіректік – адамды өзгелерден жоғары ұстауға итермелейтін ішкі сезім, жағымсыз мінез-құлық. Сондықтан ондай қылығын байқаған мұсылман бірден Алладан кешірім сұраса, ақыреттік азаптан құтылады. Ислам мұсылман пендеден менмендікті жоюды талап етеді. Өйткені ақыреттегі мәңгілік бақытты ғұмыр осынау озбыр мінезден аулақ болғандарға бұйырады.

Алла тәкаппар пендесін жақсы көрмейтінін аятта былайша ашық баян етеді: **«Шындығында Алла тәкаппарларды жақсы көрмейді»** («Нахыл» сүресі, 23-аят). Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) менмендік, тәкаппарлықтың барлық түріне қатаң тыйым салып, мұндай ауыр дертке душар болғандар Алланың азабына лайық болатынын қатты ескерткен. Сондықтан қасиетті Рамазан айында барынша нәпсімізбен күресіп, бойдағы жағымсыз мінездерден арылған абзал.

Көреалмаушылық – адамды құрдымға жетелейтін жүректегі ең жаман дерттің бірі. Көре алмайтын адам өмірі мазасыз күй кешеді. Көре алмай жүрген адамның жетістігін көрген сайын түңіліп, іштарланып, ұйқысы қашады. Хазреті Али (Алла оған разы болсын) былай деген: «Көре алмаушыда –

тыныштық жоқ, күйгелекте – бауыр жоқ, мінезі жаманның – досы жоқ». Көреалмаушылық деген дерт – жағдайы өзінен төмен адамға емес, жағдайы өзінен жақсы адамға болатын қызғаныш сезім.

Көре алмайтын, іші тар адам – Алланың өзіне берген нығметіне разы болмаған адам деген сөз. Демек Алла берген нығметке қанағат тұтпай, өзгенің қолындағыны көре алмаса, Алла да ондай пендесінен разы болмайды. Егер Алла разы болмаса, онда ол адам құрдымға кетіп, ақыретте де, дүние де жағдайы қиын болмақ.

Бірде Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Уа, Алланың елшісі! Адамдардың ең абзалы кім?» – деп сұрайды. Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Таза жүректі әрбір адам мен сөзі дұрыс болған жан»**, – дейді. Сахабалар: «Сөзі дұрыс дегенді түсіндік, таза жүректі деген не?» – деп қайта сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Ол күнә, зұлымдық, алдау мен хасад болмайтын жүрек»**, – деп жауап береді.

Көреалмаушылық деген ұғымды білдіретін «хасад» – Алланың біреуге берген нығметін одан қызғану, онда болмауын қалау деген сөз. Мәселен, жақсы жұмысын, зәулім үйін, мал-мүлкі мен жетістігін көре алмай қызғанып, ол дәулет пен бақтың одан кетіп, өзіне келуін қалау – көреалмаушылық көрінісі. Сондықтан тақуалыққа жеткізетін қасиетті Рамазан айында мұндай жүрек дертінен аман болуды тілеу керек.

Алла Тағала біздің де жүрегімізді Өзінің дініне бекем етіп, қасиетті айда ұстаған оразамызды қабыл етпей! Әмин!

МЕЙІРІМ ҺӘМ КЕШІРІМ АЙЫ



Бізге берекелі, айлардың сұлтаны – қасиетті Рамазан айы да келіп жетті. Кеше ғана Рамазан айын күтіп жүрген едік, көзді ашып-жұмғанша бұл айға да аман-есен жеттік, Аллаға шүкір! Шынында да, Рамазанға аман-есен жету – пенде үшін ұлы нығмет, зор бақыт. Өйткені Рамазан – ораза мен түнгі құлшылықтардың, Құран оқудың және жүректерді нұрландыратын имани тәрбиенің айы.

Бұл – тозақ отынан азат етіліп, күнәлар мен қателіктер кешірілетін, сауаптар еселеніп, дәрежелер көтерілетін, жақсылық пен қайырымдылықтың, сабыр мен шүкіршіліктің, мейірім мен кешірімнің айы.

Қасиетті айда жәннат есіктері ашылып, тозақ есіктері жабылады, шайтандар кісенделеді. Сауаптар еселеніп, күнәлар кешіріледі, дұғалар қабыл болып, дәрежелер көтеріледі. Алла Тағала құлдарына түрлі нығметтерін жаудырып, оразаны Өзіне тән етіп, оның сауабын Өзі ғана беретін ай.

Алла Тағала Құранда былай дейді: **«Рамазан – адамдарға тура жол нұсқаушы, тура жолбасшылық пен айқын дәлелдер (ақиқат пен жалғанды) түріндегі Құран түсірілген ай. Сендерден кім осы айды (туғанын) көрсе, ораза ұстасын»** («Бақара» сүресі, 185-аят).

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты

мен сәлемі болсын) хадисінде: **«Рамазан айының алғашқы түні келгенде шайтандар мен азғын жындылар кісенделеді, тозақтың есіктері жабылып, одан бірде-бір есік ашылмайды, жәннаттың есіктері ашылып, бірде-бірі жабылмайды. Сонда бір үндеуші: «Уа, жақсылықты қалаушы, алға ұмтыл! Уа, жамандықты қалаушы, тыйыл!» – деп жар салады. Бұл айда Алланың әр түнде тозақтан азат ететін құлдары бар»,** – деп айтқан. (Термизи, №682).

Сондай-ақ Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кім Рамазан айында иманмен, сауабын Алладан үміт етіп ораза ұстаса, оның өткен күнәлары кешіріледі»,** – деп сүйіншілеген. (Бұхари, №2014). Ал құдси хадисте: **«Ораза – Мен үшін. Оның сауабын Өзім беремін»,** – делінген. (Бұхари, №1894).

Рамазан айына жетіп, соған қарамастан күнәлары

кешірілмеген адам – шын мәнінде жақсылықтан мақрұм қалған жан. Өйткені бұл қасиетті ай – жүректерді жаман істерден тазартып, нәпсіні тәрбиелейтін, пендені Раббысына жақындататын ұлы мүмкіндік. Осы айда шайтандар кісенделіп, жақсылыққа бастайтын жолдар жеңілдей түседі. Бұл – Алла Тағаланың пенделеріне жасаған ұлы нығметі. Мұның бәрі пендені тәубеге келуге, жамандықтарды өшіретін ізгі амалдар жасауға жетелейді. Алла Тағала «һуд» сүресінің, 114-аятында былай дейді: **«Шындығында, жақсы істер жаман істерді жояды!»**.

Алла Тағала пенделерін әрдайым тәубе етуге шақырып, «Нұр» сүресінің 31-аятында: **«Уа, мүміндер! Барлығың да Аллаға тәубе етіңдер, бәлкім, сонда мұратқа жетерсіңдер»** деп бұйырады.

Рамазан айында кешірім тілеу мен тәубе ету басқа уақыттарға қарағанда абзалырақ. Себебі бұл ай – мейірім мен кешірім айы. Бұл айда күнәлар кешірілетін, дәрежелер көтерілетін көптеген құлшылық түрі біріктірілген. Оның оразасында да, түнгі құлшылығында да күнәларға кешірім бар. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жоғарыда айтылған хадиске ұқсас мынадай өсиетін жеткізген: **«Кім Рамазанда иманмен, сауабын Алла Тағаладан үміт ете отырып, Алла разылығы үшін түнгі намазды (тарауық) оқыса, оның өткен күнәлары кешіріледі»** (Бұхари, №2009).

Сондай-ақ, Қадір түнін құлшылықпен өткізу де – кешірімге жеткізетін себептердің бірі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кімде-кім қадір түнін иманмен, сауабын Алла Тағаладан үміт етіп өткізсе, оның өткен күнәлары кешіріледі»**, – деп айтқан. (Бұхари, №1901). Қадір түні – берекелі әрі қасиетті түн. Бұл түні адамдарды тура жолға бастайтын Құран түсірілген. Ол жөнінде Алла Тағала: **«Ақиқатында, Біз оны (Құранды) Қадір түнінде түсірдік»**, – дейді. («Қадыр» сүресі, 1-аят).

Жәбірейіл (оған Алланың сәлемі болсын) Пайғамбарымызбен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Рамазанның әр түнінде кездесіп, Құранды бірге қайталап отырған. Сол себепті салиқалы ғалымдар да бұл айды Құранмен өткізуді маңызды санаған. Имам Мәлик (Алла оған разы болсын) Рамазан кірген кезде өзін толығымен Құранға арнайтын. Ол сабақ беруді, пәтуа айтуды және адамдармен отыруды тоқтатып: «Бұл – Құран айы», – дейтін. Сондықтан

Рамазан айында Құран оқу айрықша мәнге ие.

Алайда ораза ұстаушы жоғарыда айтылған Алланың кешіріміне жетуі үшін иманы шынайы болуы, оразаны Алла разылығы үшін ұстап, сауабын тек Одан үміт етуі және тақуалық қажет. Өйткені тақуалық – оразаның ең ұлы мақсаты. Алла Тағала Құранда ораза жайлы айта келіп: **«Бәлкім, тақуа боларсыңдар»**, – деген («Бақара» сүресі, 183-аят).

Ораза тек ішіп-жеуден тыйылу ғана емес, ол тіл мен көзді, қол мен жүректі, бүкіл ағзаларды күнәдан сақтау. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кімде-кім өтірік сөзді және соған сай амал етуді тастамаса, Алла Тағала оның ішіп-жеуден тыйылғанына мұқтаж емес»**, – деген (Бұхари №1903). Салиқалы кісілердің бірі: «Оразаның ең жеңілі – тамақ пен сусыннан тыйылу», – деп бекер айтпаған.

Рамазан – кешірім мен мейірім айы. Кім осы берілген мүмкіндікті пайдаланса, кешірімі мол Раббысына бет бұрған болады. Ал кім одан теріс айналса – өзіне өзі зиян жасаған, ұтылған адам болады. Алла Тағала Құранда: **«Раббыларыңның кешіріміне, ені көк пен жердей болатын, тақуалар үшін әзірленген, жәннатқа ұмтылыңдар»**, – деді. («Әли Имран» сүресі, 133-аят).

Сондықтан бұл қасиетті айды барынша тиімді пайдаланып, оны түрлі құлшылықтармен, жақсылық, қайырымдылық, т.б істермен өткізуіміз керек. Намаз бен садақаны көбейтіп, Құран Кәрімді көп оқып, кедей-кепшікке, мұқтаждар мен жетімдерге қол ұшын беруіміз қажет. Сонымен бірге оразамызды Алла тыйым салған барлық күнәлар мен жаман істерден сақтауымыз шарт.

Уа, Алла! Осы қасиетті айда бізді Өзіңнің кешіріміңе бөленген, күнәлары кешірілген, тозақ отынан азат етілген пенделеріңнің қатарына қоса гөр. Бізді Саған шүкір ететін, Сені көп еске алатын, Саған әрдайым тәубе ететін бойсұнушы құлдарыңнан ете гөр. Бізге ораза мен түнгі құлшылықты (қиямды) атқаруға күш-қуат бер, Оны бізден қабыл ете гөр, уа, әлемдердің Раббысы! Алла Тағаладан барлық күнә мен қателіктеріміз үшін кешірім сұраймыз. Шын мәнінде Ол – аса Кешірімді, ерекше Мейірімді.



Қасиетті айда жәннат есіктері ашылып, тозақ есіктері жабылады, шайтандар кісенделеді. Сауаптар еселеніп, күнәлар кешіріледі, дұғалар қабыл болып, дәрежелер көтеріледі. Алла Тағала құлдарына түрлі нығметтерін жаудырып, оразаны Өзіне тән етіп, оның сауабын Өзі ғана беретін ай.



РАМАЗАНДА НӘПСІНІ ТІЗГІНДЕУ МӘДЕНИЕТІ

Жаратқан Алланың көркем есімінің бірі – Хаким. Хаким – әр ісінде дархан даналық пен сансыз сыры бар хикмет Иесі. Ақиқатында, Алла Тағала парыз еткен әрбір үкімде даналық пен хикмет тұнып тұрады. Оның бағзысы адам баласына мәлім болса, кейбірі адамзат ақыл-санасы жетпейтіні де хақ. Құран Кәрім мен хадистерінде кейбір парыздың сыры айтылған. Десе де, даналығы құпия күйінде қалған парыздар да болады. Он екі айдың сұлтаны Рамазан оразасы асыл дініміздің негізгі бес тірегінің бірі.

Ораза иләһи хикметті һәм сырды арқалаған құлшылық. Алла Тағала Рамазан оразасын үлкен хикмет үшін парыз етті. Соның бірі – тақуалық. Құран Кәрімде: «**Уа, иман еткендер! Өздеріңнен бұрынғыларға парыз етілгендей сендерге де ораза ұстау парыз етілді. Бәлкім, сол арқылы (асау нәпсіні тізгіндеп), – күнә атаулыдан сақтанып тақуалыққа жетерсіңдер**» («Бақара» сүресі, 183-аят), деп әмір етілген. Аталмыш аяттағы «...**тақуалыққа жетерсіңдер**» дегеннің мағынасын Ибн Касир тәпсірде: «Оразаның бірқатар сырынан адам ағзасын тазарту және

шайтанның адам бойына, санасы мен ақылы және жүрегіне кіретін жолдарды тарылту» – деп баян еткен.

Әз-Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «**Кейбір ораза тұтушыға оразасынан алар үлесі тек ашығу ғана. Кейбір түнде құлшылық жасаушыға тиер несібе түнді ұйқысыз өткізу ғана**», – деген (Бұхари, Мүслим). Ендеше, тақуалық деген не? Тақуалық – адам өзі мен Алланың азабы арасына қорған жасауы.

Ал, хазіреті Әли ибн Әбу Тәліп (оған Алла разы болсын): «Тақуалық – Алладан қорқу. Түсірілген

Құранмен жүру. Азға разы болу, қиямет күнге дайындалу», – деген. Ал, сахаба Ибн Масғұд (оған Алла разы болсын) Жаратушы алдында лайықты түрде тақуалық таныту туралы ұғымын былай түсіндіреді: «Алла Тағалаға бойұсыну, қарсы келмеу. Алланы зікір етіп жадында сақтау, ешқашан ұмытпау. Әрдайым шүкіршілік ету, күпірлік етпеу».

Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Ораза – қалқан. Сендердің бірің ораза тұтса жаман сөз, жаман әрекет істемесін. Балағат айтқан, ұрыс шығарған кісіге: «Мен оразамын» десін»,** – деп (Бұхари, Мұслим) оразаның мән-мағынасын түсіндірді. Ораза қалқан, бұл дүниеде нәпсіні тыю арқылы күнә атауынан қорғайды. Ал ақыретте тозақ отынан сақтайды.

Оразаның сырын терең түсіндіре отырып, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кімде-кім жаман сөз бен ісін тастамаса, оның тамақ жемей, сусын ішпей жүргенінің Алла Тағалаға ешбір керегі жоқ»,** – деген (Бұхари, Әбу Дауд, Термизи).

Сахаба Жабир ибн Абдулла (оған Алла разы болсын): «Ораза тұтсаң құлағың, көзің және тілің өтірік пен арам істен ораза болсын. Көршіге зиян тигізуден сақ бол. Ораза күнінде салмақты және байсалды бол. Ораза күнің мен басқа күндерің ешбір айырмашылығы жоқ, бірдей болмасын», – деген екен.

Демек, ораза – тақуалық қасиетін бойға сіңірудің жолы. Алла Тағаланың әмірін ықыласпен орындауда тақуалықтың көмегі мол. Ендеше оразаның ең басты хикметі мен сырын зерттеп көрелік.

Бірінші: Ораза – нығметке шүкір етуге себеп. Ораза – ас пен сусыннан және жұбайына жақындасудан тыйылу. Осы нығмет түрлерінен белгілі уақытқа тыйылу оның қадірін сезінуге жәрдемдеседі. Әдетте, адам баласы нығметтерді ұғынып түсіне бермейді. Уысынан шығып кеткенде ғана танып қадірлей бастайды. Демек, ораза – шүкіршіл болуды үйрететін ғибадат.

Екінші: Ораза – арам атаулыдан тыйылуға себеп. Ораза күндері адам Хақ Тағаланың разылығы үшін әдетте адал болған ас-судан және некелі жарына жақындасудан өзін тыятын болса, онда арам атаулыдан

тыйылуы жеңіл бола түседі. Демек, ораза Алла Тағала тыйым еткен істерден аулақ болуды үйретеді.

Үшінші: Ораза – нәпсіні жеңуге себеп. Нәпсі табиғаты тойынса қалау мен құмарлық жетегінде кетеді. Ал, ашықса құмарлықтан тыйылады. Сол себепті де, ардақты пайғамбарымыз (Алланың салауаты мен сәлемі болсын):

«Уа, жастар! Кімнің шамасы жетсе үйленсін. Өйткені (үйлену) көзді арамнан, жынысты (ойнастықтан) жақсы сақтайды. Ал, үйленуге шама-шарқы жетпегенің ораза ұстасын. Ораза құмарлықты тізгіндейді», – деп кеңес берген.

Төртінші: ораза – мейірімділіктің қайнар көзі. Ораза ұстаушы аштықтың не екенін сезінеді. Десе де оның ас-сусыз жүруі бірнеше сағатпен шектеулі. Ал, күні бойы ұзақ нәр татпай жүретін, аштық күнделікті өмір салтына айналған мұқтаж жанның күйін түсінуге оразаның көмегі мол. Нәтижеде, ораза тұтушы жағдайы төмен, мұқтаж адамның не сезінетінін естіп, көріп емес бар жан тәнімен түйсінеді. Осылайша, ораза оның жүрегін жұмсартып, мейірімін оятады. Қайырымдылық жасауына септігі тиеді.

Бесінші: Ораза – шайтанға тойтарыс берудің тәсілі. Ораза құлшылығы шайтанның азғыруын әлсірете түседі. Әзәзілдің арбауы мен азғыруы едәуір бәсеңдеп, адамның күнәсі азая түседі. Өйткені, хадисте айтылғандай шайтан малғұн адамның қан тамырымен жүреді. Ал, оның жолын бөгеп, жүруін тарылтудың жолы ораза тұтумен жүзеге асады.


Міне, бұл оразаның адам баласына берер нығметінің теңізден ғана тамшыдай сыбағасы. Таң қылау бергеннен бастап күн ұясына батқанға дейін тамақ мен сусын ішпей жүру – оразаның сыртқы көрінісі. Алайда, осы амалдың мақсаты бар. Әр істе басты талап белгілі бір мақсатқа жету үшін жасалатыны мәлім. Оразаның мақсаты да жан дүниесін тазартып, тақуалыққа қадам басу. Сол арқылы әлемдердің Раббысы, Рамазан оразасын парыз еткен Алла Тағаланың разылығына бөлену.

Төлеби ОСПАН,
Алматы қаласының бас имамы

РАМАЗАНДА ЕСКЕРЕТІН 5 ІЗГІ АМАЛ

Рамазан – жақсылық жасауда жарысатын ай. Бұл айда сауаптар еселеніп, мұсылманның дәрежесі көтеріледі. Мұқтаж жандарға көмектесу арқылы адамдар арасындағы бірлік пен ынтымақ күшейеді, татулық арта түседі. Мейірім айында мүмкіндігінше сауапты істерді еселеп, ізгі амалдарды көбейту – Алланың кешірімі мен разылығына жетелейді.

Садақа беру



Садақа туралы сөз болғанда, біз әдетте «садақаны беру», «садақаға ақша жұмсау» деп түсінеміз. Бірақ іс жүзінде біз бермейміз, керісінше көбейтеміз десек, иланасыз ба? Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кімде-кім бұл айда сауап үшін ұнамды бір көркем іс істейтін болса, ол ісі өзге айларда орындалатын парыз амалмен тең. Ал кім осы айда (Рамазанда) бір парызды орындайтын болса, онысы өзге айларда орындалатын жетпіс парыз амалмен тең»,** – деген.

Ислам ғалымдарының айтуынша бір парыз амалдың дәрежесі жетпіс нәпіл амалға тең. Демек, Рамазан айында берілген бір нәпіл садақаның Алла алдындағы дәрежесі – өзге айларда берілген жетпіс нәпіл садақаның дәрежесімен тең деген сөз. Оны жеті жүзге көбейтіңіз. Қаншама сауап. Мұндай инвестиция тек осы ұлық айда ғана жасалады. Сондықтан Рамазанда мұсылманның қапы қалмауы қажет ісінің бірі – садақа. Өйткені ораза айында берілетін садақаның сауабы өзге айларға қарағанда бірнеше есе көп. Әнас ибн Мәліктен (Алла оған разы болсын) жеткен хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Садақаның абзалы – Рамазанда айында берілген садақа».**

Садақаның ақысыз болуын қалаймын!

Хазіреті Айша (оған Алла разы болсын) анамыз жоқ-жітік, міскіндерге жәрдем берген кезде міскін рақметін айтып дұға жасаса, Айша анамыз да оған дәл сондай дұға қайтаратын болған екен. Одан жанындағылар:

- Адамдарға жақсылық жасайсың әрі оларға дұға етесің, мұнысыз қалай сонда? – деп сұрағанда:
- Оның мен үшін жасаған дұғасы менің берген садақамның ақысы болуынан қорқамын. Берген садақамның ақысыз тап-таза болуын қалаймын және оның сауабын тек Алладан ғана үміт етемін. Сондықтан, міскіннің маған жасаған дұғасына мен де қайталап дұға етемін, – деп жауап берген екен.

Осы тұрғыдан алғанда кез келген барлық ізгі амал ең алдымен Алла разылығы үшін шынайы ықыласпен жасалуы керек екенін түсінеміз.

Туыстық қарым-қатынасты күшейту



Адам ағайыны мен туысын таңдай алмайды, Алла береді. Олармен барынша жақсы қарым-қатынаста болу, ақысын беріп, мейірімділік таныту аса маңызды. Рамазан – ағайынның арасын жақындататын, үзіліп қалған байланысты жалғауға таптырмайтын мүмкіндік айы.

Туыстың үйіне бару, хабарын алып, хал-жағдайын сұрау, хат жазу, телефон соғу, ауырғанының көңілін сұрау, тойына қатысу, арнайы іздеп бару, қайғысын бөлісіп, қуанышына ортақтасу, басына іс түскеннің қасынан табылу, сапарға шығып кеткен ағайынның мал-жанына қарайласу – бұлардың бәрі де осы туыстық қатынастың аясына кіреді.


Сондай-ақ көңілі жүдегенді жұбату, қиналғанына қол ұшын беру туыстықты нығайтудың жолдары десек қателесе қоймаймыз. Міне, осындай қарым-қатынасты күшейтудің бір жолы – Рамазанда үйге ауызашар жасап, оларды шақыру. Ауызашарда және астан кейін туыстардың бір-біріне дұға жасауы – Алланы разы ететін амалдар. Сондай-ақ, дастарқан басында емін-еркін сұхбаттасып, жақындарыңа сый-сияпат жасау да туыстық қарым-қатынасты күшейте түсері сөзсіз.

Туыстық қарым-қатынасты бекем сақтаған ағайындар төмендегідей игіліктерге кенеледі:


- ◆ Алла разылығына ие болады. Өйткені, Алла туысқа қарайласуды әмір еткен;
- ◆ Туысын қуантса, жақсы амал болып жазылады. Себебі, Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадисінде **«Ең абзал амал – бір мүминді қуанту»** деген;
- ◆ Өмірін ұзарып, ризығы көбейеді. Адамдар арасындағы сүйіспеншілік артады.

Жаман әдеттен арылу

Рамазан – жаман әдеттерден арылуға өте қолайлы ай. Себебі ораза ұстау арқылы нәпсінді тізгіндеп, Жаратушыға жақындай түсесің. Көпшілікпен ауыз ашып, намазды да жамағатпен өтеу арқылы жақсылыққа, ізгілікке қадам баса бастайсың. Осылайша ортаң өзгеріп, біртіндеп жаман әдеттерден алыстайсың. Мысалы, шылым шегуді қоя алмай жүрсің делік. Оразада темекі тартуды кемінде таң атқаннан күн батқанға дейінгі аралықта тастауға мәжбүрсіз. Ауыз ашқаннан соң темекінің санын күнделікті азайта берсеңіз, Рамазанның соңына дейін мүлде қойып кетуге мүмкіндік бар. Тек ниетті дұрыстап, жігерлі болу да аса маңызды. Сондай-ақ бос уақытты кітап оқумен, спортпен айналысып, пайдалы шаруаны атқару да жаман әдеттерден арылуға септігін тигізеді.



Ұмра жасау



«Рамазандағы ұмра үлкен қажылықпен тең» деген риуаят бар. Тағы бір риуаятта Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Менімен бірге қажылық еткенмен тең»** деп айтылған. Ойлаңызшы, Пайғамбармен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бірге қажылық ету неткен ғанибет! Пайғамбарымыздың мешітінде және қасиетті әл-Харамның жанында ауыз ашу, намазға қатысу, тарауық пен тәхажжуд намаздарына қатысу – Алланың нығметі. Қасиетті мекендердің аurasын сезіну арқылы, құлшылық жасау да мұсылманның бір бақыты емес пе?


Рамазан айында ұмра жасау – өте сауапты іс, өйткені бұл айдағы кез келген игі амалға еселеп сауап жазылады. Ал Рамазандағы ұмраның сауабы тіпті ерекше.

Бұл – рухани кемелдікке ұмтылудың жолы. Қасиетті айда кіші қажылық жасаудың мынадай артықшылықтарын санамалауға болады:

Еселенген сауап: Рамазан айындағы оразаға да, басқа да құлшылықтарға оннан жеті жүз есеге дейін сауап беріледі, ал ұмра – осы сауаптардың бірі болып саналады.

Рухани тазару: Ұмра – Аллаға жақындаудың, күнәлардан арылудың, тазарудың жолы. Рамазанда жасалған ұмра бұл процессті күшейтеді.

Пайғамбар сүннеті: Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) Рамазанда ұмра жасауға шақырған, бұл – сүннетке ергендік.



Көркем мінез көрсету

Сабырлы болу, кешірімділік таныту, өсек-өтіріктен тыйылу, біреуді ренжітпеу оразаның рухын сақтайды. Ислам – әдептілік пен көркем мінез діні. Алла Тағала «Фурқан» сүресінің 63-аятында: **«Рахманның құлдары жер бетінде сыпайы түрде жүреді...»** – деп бұйырады. Мінездің көркемдігі жайлы Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Қияметте амалдар өлшенгенде, таразыны ауыр басатын бірден-бір амал – Алладан қорқу мен көркем мінез»** – деген (Имам Термизи).

Қасиетті Рамазан айында мінез-құлықтың өзгеруіне мән беріп жүрміз бе? Негізінде оразада ең бірінші жасайтын амалымыз мінезімізді өзгерту еді ғой. Жалпы жер бетіндегі мұсылман қауымының көпшілігі Рамазан айында құлшылық жасауға ерекше ықыластанытады. Мешіттер таң намазында датолып, арамнан тыйылуда, көркем мінез танытуда, игі нәрселердің барлығында ыждағаттылықтың орын алып жатқанын байқайсыз. Рамазан айында ораза ұстап, бірақ жаман нәрселерден тыйылмай жүрген адам, зәулім сарай салып, оны қайта қиратып жатқан біреу секілді. Алланың елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Ораза ұстаушыға оның оразасынан аштықтан басқа еш нәрсе тимей қалуы мүмкін»** – деген.

Көркем мінез – адам бойындағы ең құнды қасиет. Мінезі жайдары жанның жүзі нұрланып, айналасына шуақ шашып жүретіні айтпаса да белгілі. Оған қараған адамның көңілі жайланып, жылулықты сезінеді. Көркем мінез – Алланың берген үлкен сыйы. Оған ұмтылу, әрі бағалай білу – мұсылмандығымыздың көрсеткіші болмақ.

Кеулімжай ҚҰТТЫ

РАМАЗАН ЖӘНЕ ШҮКІРШІЛІК

Адам баласы өзі өмірге келгеннен бастап жаратушы Раббымыз Алла берген нығметтерді санайтын болса, оған ешқандай компьютер де, есептегіш құрал да төтеп бере алмайтын шығар. Он екі мүшеміз, алпыс екі тамырымыздан басқа күн, жер, ай, жұлдыздар табиғаттың мың сан тамаша құбылысы – құдыреті күшті Құдай Тағаланың бізге берген гажайып сыйы екеніне дау жоқ. Мәселен, ағзамыздағы бір көздің ағын өтеу үшін жылдар бойы күні-түні құлшылық етудің өзі аз.

Екінші көздің ағы, екі көздің қарасы, жүрек, қол, аяқ, мұрын, ауыз басқа да мүшелердің өтеуі не болмақ? Осының барлығына шүкіршілік етпеу, разы болмау әділетке жата ма? Әрине, жоқ! Мұса (оған Алланың сәлемі болсын) Аллаға ешқашан толық шүкіршілік ете алмайтынын, өйткені шүкіршілік еткені үшін де шүкіршілік ету қажеттігін бекер айтпаса керек. Мұнда үлкен хикмет, зор ескерту бар. Рамазан тек ашығу мен шөлдеудің айы емес. Бұл – жүректі тәрбиелейтін, жанды тазартатын, пендені Раббысына жақындататын қасиетті ай. Осы айдың ең терең рухани өзектерінің бірі – шүкіршілік. Шүкір тілмен айтылатын сөз ғана емес, ол жүректің халі, өмірге деген көзқарас, Аллаға деген сенім мен сүйіспеншіліктің көрінісі.

Құран Кәрімде шүкір ету ерекше атап өтіледі. Алла Тағала былай дейді: **«Егер шүкір етсеңдер, әлбетте, нығметімді арттырамын»** («Ибраһим» сүресі, 7-аят)

Бұл аятта шүкір нығметтің кілті екені анық көрсетілген. Адам баласы барға разы болып, Алланың бергеніне шынайы алғыс білдірсе, жүрегі тыныштық табады. Ал тыныш жүрек – нағыз байлық. Және шүкіршілік еткен адам бейне бір жаңбырдан кейін қаулап шыққан егістік даласының жемісін терген жанмен тең. Өйткені барыңызға шүкіршілік ету арқылы, жоғыңызды да Раббымыздың мейірімі мен рақымы арқылы түгендеп аласыз.

Рамазан айында біз күн сайын ауызашар сәтін күтеміз. Бір жұтым су, бір түйір құрма сол сәтте қандай қадірлі! Күнделікті өмірде байқалмайтын қарапайым нығметтер дәл осы айда ерекше сезіледі. Бұл – Рамазанның бізге шүкіршілікті қайта үйретуі. Алла елшісі Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шүкіршіліктің ең көркем үлгісін көрсеткен. Айша (оған Алла разы болсын) анамыздан жеткен хадисте былай делінеді: «Пайғамбар түнде ұзақ намаз



оқып, аяқтары ісіп кеткенше құлшылық ететін. Сонда Айша (оған Алла разы болсын): «Уа, Алланың елшісі! Алла сіздің өткен және келешек күнәларыңызды кешірген емес пе?» дегенде, Ол (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Шүкір етуші құлдан болмаймын ма?»** – деп жауап берген (Бұхари, Мұслим).

Осы хадис шүкіршіліктің тек қиындықта емес, ең үлкен нығметке ие болған сәтте де қажет екенін көрсетеді. Шүкіршілік – құлшылықтың ең биік көрінісі. Және ол сабыр ету, мейірімділік көрсету, қайырымдылық жасау сияқты ізге амалдарға жол ашатын жарық сияқты.

Қазіргі заманда адамда бәрі бар сияқты: мүмкіндік, білім, техника. Бірақ жүректер тыныш емес. Себебі шүкір азайған жерде қанағат та жоғалады. Құранда: **«Алла берген нығметті ұмытқан елдің мысалы...»** («Нахл» сүресі, 112-аят) деп, шүкірсіздіктің ақыры рухани күйреуге апаратыны ескертіледі.



Рамазан тек ашығу мен шөлдеудің айы емес. Бұл – жүректі тәрбиелейтін, жанды тазартатын, пендені Раббысына жақындататын қасиетті мезгіл.

Осы айдың ең терең рухани өзектерінің бірі – шүкіршілік. Шүкір тілмен айтылатын сөз ғана емес, ол жүректің хәлі, өмірге деген көзқарас, Аллаға деген сенім мен сүйіспеншіліктің көрінісі.



Рамазан бізге тоқтауды, ойлануды үйретеді. «Менде не жоқ?», – емес, «Маған не берілді?» – деген сұрақты қоюға шақырады. Денсаулық, иман, отбасы, бір күндік ризық бұлар шүкірге лайық ұлы нығметтер. Оның үстіне еліміздегі тыныштық пен береке, халықтың бірлігі де Раббымыздың керемет сыйы екенін ұмытпау керек! Әйтпесе, әлемде қаншама мемлекетте қантөгіс пен қырғын соғыстар орын алып, атқан таңын кешке батыра аларына сенімі жоқ пенделер қаншама?!

Шүкір еткен адам үмітсіздікке берілмейді. Қиындықта да «Бұл да бір сынақ, мұнда да хикмет бар» деп сенеді. Алла Тағала Құранда: **«Құлдарымның аз ғана бөлігі шүкір етеді»** («Сәба» сүресі, 13-аят), – деп, шүкір етушілердің дәрежесінің биік екенін меңзейді.

Рамазан – сол азшылықтың қатарында болуға берілген мүмкіндік. Әр сәресі, әр ауызашар, әр сәжде – шүкірмен көркемделсе, бұл ай адам өмірін түбегейлі өзгерте алады.

Рамазан бізді аштықпен сынап, тоқшылықтың қадірін түсіндіреді. Жүректі тәкаппарлықтан тазартып, Аллаға жақындатады. Шүкір еткен

жүрек – тірі жүрек. Ал тірі жүрек қашанда Раббысына жол табады. Шүкір ету – берілген нығметке разылық таныту ғана емес, сол нығметті адал жолда пайдалану. Оразада мүмін адам тілін өсектен, жүрегін көреалмаушылықтан, ісін ысыраптан сақтайды. Бұл – шүкіршіліктің амалмен көрінуі. Шүкіршілікті арттыру үшін мынадай әрекеттерді орындау қажет:

* Оразаны міндет, парыз және Жаратқанның сыйы деп қабылдау;

* Мұқтаж жандарға көмектесу арқылы қолындағы барына қанағат ету;

* Аста-төк дастарханнан тыйылып, ысырапқа бармау.

Алла Тағала баршамызды Рамазан айын шынайы шүкіршілікпен өткізетін, «шүкір етуші құлдардың» қатарынан етсін. Әмин.

Болат КӨКЕНАЙҰЛЫ,
«Мұнара» телеарнасының
директоры



РУХАНИ КЕМЕЛДЕНУ ТҮНІ

Ислам дінінде адамның рухани кемелденуі иманның күшеюімен, жүректің түрлі дерттерден тазаруымен және мінез-құлықтың көркемделуімен тығыз байланысты. Белгілі бір уақыттар мен қасиетті сәттер адамның рухани дамуына ерекше ықпал ететіні белгілі. Осындай ұлы сәттердің бірі – қасиетті Қадір түні.

Қадір түні – Алланың адамзатқа берген ең ұлы нығметтерінің бірі. Бұл түнде қасиетті Құран түсіріліп, рақым мен кешірім есіктері айқара ашылады. Қадір түнінің рухани мәнін дұрыс түсіну мұсылманның ішкі жан дүниесінің жаңаруына, иманының күшеюіне және рухани кемелдену жолындағы талпынысына тікелей әсер етеді.

Қадір түнінің қасиеті жайлы қасиетті Құранда «Қадір» сүресінде баяндалған. Алла Тағала бұл туралы: **«Біз шынында, Құранды Қадір түнінде түсірдік. Қадір түнінің не екенін білесің бе? Қадір түні (қасиет және сауап жағынан) мың айдан да қайырлы. Сол түнде періштілер және Жәбірейіл Алланың әмірімен (жер бетіне Алла тағдыр еткен) барлық істерді**

атқару үшін түседі. Сол бір түн, ағарып таң атқанға дейін амандық-тыныштық түні болады» («Қадір» сүресі, 1-5-аяттар) дейді.

Бұл сүреде Қадір түнінің мың айдан да қайырлы екені, яғни осы түнде жасалған құлшылық пен ізгі амалдың сауабы өмір бойы жасалған құлшылықтан артық болатыны айтылған. Қасиетті Құранның дәл осы түні түсуі Қадір түнінің мың айдан қайырлы екенін білдіреді. Себебі қасиетті Құран – адамды надандықтан құтқаратын, жүректерге тыныштық сыйлайтын, пендені тек жақсылыққа бастайтын ұлы кітап. Қадір түні Құранды көп оқу, оның мағынасына терең бойлау арқылы адам өз рухын тәрбиелейді.



«Қадір» сөзі араб тілінде тағдыр, өлшем деген мағыналарды білдіреді. Осы түні келер жылға қатысты көптеген істердің тағдыры айқындалады. Алайда бұл ұғым адамды әрекетсіздікке емес, керісінше жауапкершілікке жетелейді.

Рухани кемелденудің маңызды шарттарының бірі – адамның өз ісіне жауапты екенін сезінуі. Қадір түні осы жауапкершілік сезімін күшейтеді. Мүмін адам өз өмірін қайта қарап, өткен қателіктеріне тәубе етіп, болашағын ізгі ниетпен жоспарлауға мүмкіндік алады. Бұл – рухани дамуға, өз-өзімізді тәрбиелеуге берілген мүмкіндік.

Ислам дінінде рухани кемелденудің негізі – жүректің тазалығы. Қадір түні жүрек тәрбиесіне ерекше ықпал етеді. Бұл түні жасалған шынайы дұға қабыл болады. Көз жасқа ерік беріп, тәубе ету жүректі күнәдан тазартады. Осылайша адам рухани кемелденуге қадам басады. Қадір түні адам нәпсімен күресіп, сабыр, шүкіршілік, кешірім секілді асыл қасиеттерді бойына сіңіреді.

Қадір түні мұсылман үмбетін ізгі амалды ихсан дәрежесінде жасауға тәрбиелейді. Өйткені Исламда құлшылық пен өмір сүрудің ең жоғары рухани деңгейі – ихсан. Ихсан дәрежесінде амал жасау дегеніміз – әрбір ізгі амалды жүрекпен, терең ықыласпен орындауы. Бұл ұғым адамның рухани кемелденуінің шыңы болып саналады.

Себебі ихсан сөзі араб тілінде «жақсылық жасау», «кемел орындау», «әдемі түрде жүзеге асыру» деген мағыналарды білдіреді. Қадір түні әрбір амалды ең көркем түрде орындауға, яғни тек нәтижеге емес, ниет пен жүрек тазалығына мән беруге тәрбиелейді.

Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ихсанды былай түсіндірген: **«Ихсан – Алланы көріп тұрғандай құлшылық ету. Сен Оны көрмесең де, Ол сені көріп тұр»**. Бұл хадис ихсанның мәнін өте терең ашады. Мұнда адамның Аллаға деген ықыласы, қорқынышы, үміті мен сүйіспеншілігі бір арнаға тоғысады. Ихсан дәрежесінде жасалған амалдың негізі – жүрек тазалығы. Амал сырттай дұрыс орындалғанымен, егер онда ықылас пен шынайылық болмаса, ол кемел болмайды.

Қадір түні жасалатын құлшылықтар, атап айтқанда, түнгі намаз, Құран оқу, зікір және дұға жасау сынды амалдар адамның рухани кемелденуіне тікелей ықпал етеді. Бұл құлшылықтар арқылы мүмін Алламен байланысын күшейтіп, ішкі жан дүниесін байытады. Өйткені түнгі құлшылықта адамның ықыласы артады, риядан, яғни біреу көрсін деген ойдан арылады. Бұл – рухани кемелденудің маңызды белгісі. Себебі шынайы құлшылық оны жасырын орындаумен құнды.

Қадір түнінің жақсылығы мен игілігі тек жеке адаммен шектелмейді. Ол қоғамның рухани ахуалына да оң ықпал етеді. Бұл түн адамдарды кешірімге, мейірімділікке, өзара түсіністікке үндейді. Берекелі сәттерде адамдар бір-біріне көмектесу арқылы жақсылыққа ұмтылады. Бұл амалдар мұсылман үмбетінің ауызбіршілігін арттырады. Рухани кемелденуге талпынған мұсылманның бойында жауапкершілік, көркем мінез, әділеттілік, парасаттылық сынды қасиеттер пайда болады. Қадір түні осы қасиеттердің негізін қалауға себеп болады.

Бұл түнде адам өзін Жаратушының құлы ретінде толық сезінеді. Тәкаппарлықтан арылып, кішіпейілділікке талпынады. Осындай рухани хал кемелдікке апаратын негізгі баспалдақ екені белгілі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) бір хадисінде: **«Кімде-кім Қадір түні иманмен және сауабын үміт етіп құлшылық етсе, оның алдыңғы күнәлары кешіріледі»**,

– деген. Қасиетті Қадір түні көбірек дұға жасап, күнәміздің кешірілуін сұраған абзал. Айша анамыздың (Алла оған разы болсын) .Пайғамбарымыздан (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Уа, Алла елшісі, егер мен Қадір түнінің басталғаны туралы білсем, не айтуым керек?» – деп сұрайды. Сонда Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Уа, Алла! Расында, Сен Кешірімдісің, кешіргенді жақсы көресің. Мені кешіре гәр!» деп айт»,** – деген.

Күнәнің кешірілуі адамға тек рухани жеңілдік беріп қана қоймайды. Сонымен қатар жаңа өмір бастауға мүмкіндік береді. Қадір түні кешірімге бөленген жүрекке тыныштық орнайды. Иман күшейіп, көркем мінез-құлыққа ие болады.

Ислам дінінде жеке адамның рухани дамуы мен қоғамның имани ахуалы бір-бірімен тығыз байланысты.

Қасиетті күндер мен түндер жеке құлшылық жасауға арналғанмен, оның бүкіл қоғамға ортақ рухани, тәрбиелік

және әлеуметтік пайдасы мол. Қадір түні кешірім есіктері айқара ашылатындықтан адамдар Жаратушы Жаббар. Иесінің разылығын іздеуге тырысады. Осы ретте адамдар арасында рухани бірлік күшейіп, мейірім, ізгілік, адамгершілік, бауырмашылдық сынды қасиеттер қоғам деңгейіне көтеріледі. Сондықтан бұл түннің әсері жеке адаммен шектелмей, тұтас қоғамның рухани дамуына ықпал етеді.

Мешіттерде жамағатпен құлшылық жасау, бірге дұға ету адамдар арасындағы рухани байланысты күшейтеді. Бұл бірлік қоғамдағы алауыздық пен түсінбеушілікті азайтып, өзара бауырмалдықты арттырады. Ортақ ғибадат пен ортақ тілек адамдардың жүректерін жақындастырып, «үмбет» ұғымының мәнін терең сезіндіреді. Мұндай рухани бірлік қоғамның тұрақтылығы мен тұтастығына оң әсер етеді.

Қадір түні кешірім түні болғандықтан бұл түнде әрбір мүмін Алладан кешірім сұрап қана қоймай, өзі де өзгелерді кешіреді. Осы арқылы қоғамда кешірімділік, сабыр және түсіністік мәдениеті қалыптасады. Адамдар арасындағы өкпе-наз, реніш пен дау-дамайдың азаюы мұсылман үмбеті үшін өте маңызды. Қадір түнінде мұсылман үмбеті бір дене секілді бір-біріне бауырмал болады. Осылайша татулық пен өзара сыйластық жоғары орынға шығады.

Қадір түні мұсылман қауымын тек құлшылыққа құлшындырып қана қоймай, ізгі амалдарға да жетелейді. Бұл түні садақа беру, мұқтаж жандарға көмек көрсету, жетім-жесірге қамқор болу сынды ізгі амалдар жасалады. Осындай амалдар қоғамдағы әлеуметтік теңдікті сақтауға ықпал етеді. Адамдардың ұлты мен нәсіліне қарамай бір-біріне жанашыр болуы, қиын сәттерде қолдау көрсетуі – Қадір түнінің жалпы қоғамға тигізер ең үлкен пайдаларының бірі. Бұл өз кезегінде қоғамда мейірімділік пен жауапкершілік сезімін күшейтеді.

Түйіндеп айтқанда, Қадір түні адамға өзін-өзі есепке алуды үйретеді. Бұл түнде әрбір жан өз өміріне, іс-әрекетіне, мінез-құлқына ой жүгіртеді. Осындай өзіндік есеп беру адамды жауапкершілікке тәрбиелейді. Қадір түні – барша адамзат үшін рухани тәрбие мектебі. Әсіресе жастар үлкендермен бірге құлшылық жасап, имандылықтың, сабыр мен тәртіптің мәнін түсінеді. Бұл ұрпақ тәрбиесіне оң әсер етіп, қоғамның болашағын баянды етеді. Алла Тағала болашағымызды баянды етсін.

Асан ӘБДІҚҰЛҰЛЫ,
ҚМДБ Дін істері және
талдау бөлімінің меңгерушісі

Кенжетай БАЙКЕМЕЛҰЛЫ,
ҚМДБ Төрағасының орынбасары, наиб мүфти:

ОРАЗА – АДАМНЫҢ РУХЫН ТАЗАРТАТЫН ҚҰЛШЫЛЫҚ



– Қасиетті Рамазан айының рухани мәні неде, маңызы қандай?

– Әуелі баршамызды қасиетті Рамазан айына аман-есен жеткізген Алла Тағалаға сансыз мадақ болсын! Рамазан – күллі мұсылман үмбеті үшін ең қастерлі де берекелі ай. Бұл – Алла Тағаланың адам баласына рухани жаңғыруға, тәубеге келіп, жүректі тазартуға берген теңдессіз мүмкіндігі. Қасиетті Құранда: **«Рамазан айы – сондай бір ай, ол айда адам баласына тура жол және (ақ пен қараны) айыратын дәлел түрінде Құран түсірілді. Сендерден кім Рамазан айына жетсе, ораза ұстасын»** («Бақара» сүресі, 185-аят) – делінген. Он екі айдың сұлтаны атанған Рамазан – Алланың мейірімі төгіліп, жұмақтың есігі айқара ашылатын, сауаптар еселеніп жазылатын, шарапаты мен шапағаты мол кезең.

Сондай-ақ, құдси хадисте Алла Тағала: **«Ораза – тек Мен үшін. Оның сыйын Өзім ғана беремін»** деп, бұл құлшылықтың айрықша қадір-қасиетін білдірген. Жалпы, ораза сөзі араб тілінде «саум» деп аталады. Оның тілдік мағынасы – тыйылу, шектеу. Ал шариғаттағы ұғымы – таң атқаннан күн батқанға дейін ниет етіп, ішіп-жеуден және оразаны бұзатын барлық амалдардан аулақ болу. Әрбір түні берекеге толы саналатын бұл айдың әсіресе, соңғы он түнін Қадір түні деген үмітпен құлшылықта өткізу – сексен үш жылдық сауапқа тең игілікке жетелейді.

Қазақ халқы бұл айды ежелден ерекше қастерлеп, «он екі айдың сұлтаны» деп ұлықтаған. Рамазан келгенде жарапазан жырлары айтылып, елге қуанышпен сүйінші хабар жеткізілген. Ауызашар дастарқанында рухани әңгіме өрбіген, ақ бата мен ізгі тілектер ақтарылған. Ораза ұстаған жанды қадірлеу, ауызашар беру – халқымыздың тамыры тереңге кеткен асыл дәстүрі. Таңғы сәресі әр шаңыраққа береке дарытса, кешкі ауызашар ағайын-туысты, жамағатты бір дастарқан басына жинап, имандылық пен ынтымақты нығайтқан тағылымды жүздесу болған. Бұл игі дәстүр бүгінде де мәнін жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Бұл айда адам тек ас пен сусыннан ғана емес, жан дүниесіне зиян келтіретін жат қылықтардан да тыйылуға тырысады. Егер осы айда көзімізді жамандықтан, құлағымызды жағымсыз хабарлардан, санамызды артық ақпараттан қорғай алсақ, бұл дағды Рамазаннан кейін де жалғасын табары сөзсіз.

Хәкім Абай өлеңдерінің бірінде «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» дей келе:

Руза, намаз, зекет, хаж – талассыз іс.

Жақсы болсаң, жақсы тұт бәрін тегіс,

Бастапқы үшін бекітпей, соңғы төртті

Қылғанменен татымды бермес жеміс, – деп, «бастапқы үш» ұғымы арқылы Алланы сүюді, адамзатты сүюді және әділетті меңзейді. Осы «имани гүл» адамның жүрегінде орнықпайынша, кейінгі төрт парыз

– ораза, намаз, зекет пен қажылықтың шынайы қабыл болуы күмәнді екенін ескертеді. Абай құлшылықтың сыртқы көрінісінен гөрі, оның ішкі тазалығына мән беріп, риядан аулақ болуға үндейді.

– Биыл ораза қыстың соңы мен көктемнің басына дөп келіп отыр. Құлшылықты құлшынып орындау үшін адамға денсаулық та керек. Ауыз бекітетін жандарға қандай кеңес айтасыз?

– Оразаның әр маусымға келуі – Алланың хикметі. Биылғы Рамазан қыстың соңы мен көктемнің басына тұспа-тұс келіп отыр. Бұл кезеңде әрине ағза әлсіреп, иммунитет төмендеуі мүмкін. Сондықтан сәресіне уақытылы тұрып, қуат беретін, жеңіл сіңетін тағамдар жеу, жеткілікті су ішу қажет. Көп адамдар сәресінің өте маңызды нәрсе екендігіне мән бермей, жәй ғана су ішуді немесе ешнәрсе жемей ауыз бекітуді жөн көреді. Әнас бин Мәлик (Алла оған разы болсын) жеткізген хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Сәресіне тұрыңдар, сәресіде берекет бар»** (Мүслим).

Тағы бір хадисте: **«Сәресі тамағы – берекет. Бір жұтым су болса да, оны тастамаңдар. Өйткені сәресіде тамақтанғандарға Алла рақым етіп, оларға періштелер кешірім тілейді»** (Ахмад), – дейді. Бұл жайлы имам Нәуауи: «Хадисте берекет бар деп келуі адам сәресіде тамақ ішумен қуат алып,

ораза ұстауға белсенділігі және қызығушылығы артады. Сондай-ақ сәресі уақытында дұға жасалып, зікір айтылады. Алланың мейірімі түсетін дұға мен истиғфар қабыл болатын уақыт. Ол уақытта тұрған адам дәретін алып, намазын оқып, таңның атуын күтіп сауапқа кенелу артықшылығы да бар», – деген.

Әлемдік ғалымдар оразаның пайдасына соңғы жылдары ерекше назар аудара бастады. Мәселен, неміс зерттеушісі Жозеф Чепачтың еңбектерінде оразаның денсаулыққа тиімділігі нақты деректермен дәлелденеді. Бүгінде Германиядағы 29 клиникада науқастар ораза арқылы емделеді. Ғалымдардың айтуынша, ораза көптеген аурудың алдын алып қана қоймай, артық салмақтан арылуға көмектеседі. Ал оразаны ұзақ жылдар зерттеген доктор Гельмут Лацнер оны ағзада жиналған улы қалдықтардан арылудың ең табиғи жолы деп бағалайды.

Өз зерттеуін бастамас бұрын Жозеф Чепач 10 күн, кейін 25 күн ораза ұстап көрген. Нәтижесінде ол ораза кезінде адам өзін аш сезінбейтінін, дене мен ойдың сергектігі артатынын және дене бітімінің бірқалыпты сақталатынын анықтаған. Ғалым оразаның тек физикалық емес, рухани тазаруға да әсер ететінін атап өтіп, тамақтан шектеу ой мен ішкі жан дүниенің тазалығына жол ашатынын айтады.



– Ораза жақындаса түкірік жұтуға бола ма, тіс қанаса не болады деген секілді сұрақтар жиі қойылатыны рас. Дәл қыс мезгіліне қатысты сұрақ, жауып тұрған қар тамақтан өтіп кетсе, ораза бұзыла ма?

– Ораза мәселесінде мұсылмандардың сақтық танытуы – имандылықтың белгісі. Шариғатта оразаны бұзатын және бұзбайтын амалдар нақты көрсетілген. Тістен аққан қанның аз не көп мөлшеріне қаралады. Егер көп мөлшерде қан ағып, оны байқамай жұтып қойса, оразасы бұзылады. Кейін сол күннің қазасын өтейді. Ал қан аз мөлшерде шыққан болса, оразаны бұзбайды. Қанның аз, не көптігін түкірікпен салыстыра отырып анықтайды. Егер қан мөлшері түкірікпен тең немесе одан басым болса, «көп» саналады. Ал, жартысынан азы қан болса, «аз қан» үкімінде болады.

Радду әл-мухтар кітабында: «Егер тістің арасынан қан шығып тамаққа барса, бірақ ішке кетпесе, ораза бұзылмайды. Ал, қанның мөлшері көп немесе түкірікпен тең болып ішке кетсе, ораза бұзылады. Аз болса, бұзылмайды» деген пәтуа бар.

Қыс мезгіліне қатысты қар мәселесіне келсек: ауызға түскен жаңбырды немесе қарды немесе бұршақты әдейі жұтса, оразасы бұзылып қазасымен қоса кәффаратын өтейді. Сол үшін мұсылмандар бұған

да мұқият болуы керек.

– Бұрын жазда ораза ұстағанда түн қысқа болып, тарауықтан кейін іле-шала сәресі басталып кететін. Қазір түн ұзақ, тарауықтан кейін де құлшылық жасау керек пе?

– Тарауық намазы – Рамазан айына тән ерекше сүннет құлшылық. Оны жамағатпен оқу – үлкен сауап. Ал тарауықтан кейінгі құлшылықтар – нәпіл амалдар. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Алла Тағала сендерге Рамазанда (күндіз) ораза ұстауды парыз етсе, мен (түнінде) құлшылық етуді сүннет еттім»** (Ибн Мәжа), – деген.

Тағы бір хадисте: **«Кімде-кім Рамазанда сауабын үміт ете отырып, Алла разылығы үшін түнгі намазын оқыса, оның өткен күнәлары кешіріледі»** (Бұхари, Мүслим) делінген.

Рамазан – Қасиетті Құран түскен, түнгі құлшылықтың сауабы еселенетін ерекше ай. Жалпы исламда түн – Аллаға жақындаудың ең берекелі уақыты. Бұл айда тарауық намазынан кейін де құлшылық етуге рұқсат етілген. Әр адам өз шама-сына қарай құлшылық жасауы керек. Міндетті амалдарды орындап, қосымша ғибадатты мүмкіндікке қарай атқару – ең дұрыс жол.



– Діни басқарманың Рамазан айына қандай жоспары бар? Мешіттерімізде қарилар жеткілікті ме?

– Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Рамазан айына жыл сайын жан-жақты қызу дайындықпен келеді. Еліміздің барлық өңіріндегі мешіттерде тарауық намазы оқылып, Құран хатымдары жасалады. Қайырымдылық шаралары, ауызашарлар, мұқтаж жандарға көмек көрсету жұмыстары ұйымдастырылады. Арнайы Рамазан айы үшін анықтамалық жоспар әзірленіп барлық облыс, қала, аудандар мен ауылдарға тапсырма беріледі. Сол Рамазан анықтамалығындағы тапсырмаларға сәйкес, өңірлердегі барлық мешіттерімізде мерекелік безендірулер ұйымдастырылып, баннерлер, плакаттар ілінеді. Мешіт, дәретхана тазалықтарына жіті көңіл бөлу жұмыстары, мешіт ішіндегі дыбыс күшейткіштерді, микрофондарды қадағалап, кем-кетіктерін реттеу және мешіттерде болып жатқан өрт оқиғаларына байланысты еліміздегі барлық құлшылық орынындағы электр желілерінің, жылыту жүйелерінің, өрт сөндіру құралдарының жағдайын мұқият тексеру жұмыстары жасалынады.

Қарилар мәселесіне келсек, бүгінде елімізде Құранды толық жаттаған, көркем мақаммен оқитын, халықаралық жарыстарда топ жарған қарилар

жеткілікті. Олар өңірлерге бөлініп, жамағатқа қызмет етуде. Өздеріңізге мәлім, былтыр елордамыз Астана қаласындағы Республикалық бас мешітте II Халықаралық Құран жарысы және Талдықорған қаласындағы «Иман» мешітінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының ұйымдастыруымен Құран Кәрімді жатқа және мәнерлеп оқудан XIV республикалық байқауы өте жоғары деңгейде өтіп, қариларға үлкен жігер сыйлады. Бұл – еліміздегі діни білімнің өте үлкен деңгейде дамып келе жатқанын көрсетеді.

Қасиетті Рамазан айы баршамызға құт-береке, ырыс-ынтымақ әкелсін. Ұстаған орамамыз, оқыған тарауық намазымыз, жасаған әрбір игі амалымыз Жаратқанның құзырында қабыл болғай. Бұл ай – атабамамыз қастерлеген сабыр мен шүкірдің, иман мен ізгіліктің айы. Рамазан арқылы жүрегіміз жұмсарып, ниетіміз тазарып, бір-бірімізге деген мейіріміміз арта түссін.

Алла Тағала ел-жұртымызды аман, төрімізді тыныш, дастарқанымызды берекелі етсін. Жастарымыз білімді де ибалы, үлкендеріміз ақыл-парасатты болсын. Қасиетті айда айтылған ақ тілек пен қабыл болған дұғалар әр шаңыраққа шуақ болып қонғай. Рамазан айы баршамызға рухани жаңғырудың, ізгілікке ұмтылудың айы болсын!

ОРАЗАДА ҮМБЕТКЕ БЕРІЛГЕН БЕС ҚАСИЕТ



Адамзаттың асылы Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбеттеріне бұрынғы үмбеттерге берілмеген артықшылықтар нәсіп болған. Бұл пайғамбарлардың мырзасы саналатын ардақты Алла елшісінің даңқын көрсетсе, үмбеті үшін сөзсіз ұлы нығмет әрі үлкен жауапкершілік. Дәл оразаға қатысты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінің бірінде былай делінген: «Менің үмбетіме Рамазан айында бұдан бұрын ешбір үмбетке берілмеген бес түрлі қасиет берілді...».

1 Ораза тұтушының аузының исі Алланың алдында хош иісті мисктен, сөзсіз, артық болады. Ғұлама Имам ән-Нәуәуи: «Бұл хадис оразаның сыртқы емес, ішкі мәнінің Алла алдында қаншалықты жоғары екенін көрсетеді. Адамға ұнамсыз нәрсе Раббысына ең сүйікті амал болуы мүмкін» деп тұжырымдаған. Адамдар үшін жағымсыз көрінетін ауыз иісі – Алла Тағала алдында құлдың ықыласы мен сабырының белгісі, ол аштықтың емес, бойсұнудың иісі. Медициналық жағынан алғанда да әлсіз, жарамсыз жасушалардың өліп, асқазан-ішек жолдарының тазаруы күнделікті осылай, яғни, жағымсыз иіс арқылы көрініс тауып отырады. Бірақ бұл оразаның адамдарға көрінетін пайдасы. Көрінбейтін пайдасы ұшан-теңіз, алайда оны сезіну үшін шынайы ниет пен толықтай тыйылуға талпыныс керек.

2 Ауыз ашқанша періштелер олар үшін Алладан истиғфар тілеп тұрады. Алла Тағала қасиетті Құран Кәрімде: «Аршты арқалаған және оны айнала қоршаған (періштелер) Раббыңды мақтап, тәсбих айтады, Оған кәміл иман келтіреді және иман келтіргендер үшін Одан кешірім тілеп: «Уа, Раббымыз!

Сенің шексіз рақымың мен ілімің барлық нәрсені толық қамтыған! Олай болса, тәубеге келіп, Өзіңнің жолыңа түскендерді кешіре көр, оларды жаһаннам азабынан сақтай гөр!» («Ғафир» сүресі, 7-аят) деп періштелердің адамдар үшін үздіксіз кешірім сұрайтынын баяндайды. Ал хадистерде періштелердің ораза ұстаған мұсылмандарға ауызшар сәтіне дейін кешірім тілейтіні ерекше айтылған және мұндай нығмет бұрынғы үмбеттерге берілмеген. Ізгі ғұламалардың бірі «Ораза – періштелерді қуантатын ғибадат. Өйткені ол нәпсіні әлсіретіп, рухты күшейтеді» деген. Рамазан айы – адамдарды уақытша болса да періште кейпіне еніп, жан дүниесіне үңілуге мұрша беретін ғажайып уақыт.

3 Рамазанда жәннат күн сайын безендіріледі. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағала Рамазан айының әрбір күні жәннатын безендіріп оған: «Менің ізгі құлдарымның ауыртпалықтар мен тауқыметтерін тастап, саған кіретін күні жақын қалды», – дейді», – деп айтқан. Рамазан – жәннатқа дайындық айы, ораза – мәңгілік бақытқа бастар жол. Қасиетті айдың әрбір

күні мұсылман құлды Жаратқанға және жәннатқа жақындата түседі. Жоғарыдағы хадиске түсіндірме жазған Имам Қуртуби: «Жәннаттың безендірілуі – ораза тұтушыларға жасалған құрмет әрі үміт отын маздату» деген. Байқасаңыз, ардақты Алла елшісінің Рамазан айына қатысты хадистері ораза ұстаушыларға айрықша мотивация береді. Амалдардың ең жақсысы осы Рамазан айында орындалатынын, басқа айларға қарағанда ораза кезінде атқарылған амалдардың сауабы әлдеқайда көп болатынын хадистерден жақсы білеміз. Сондықтан мекені жәннат болғанын және жұмақтағы орны көркем, жоғары дәрежеде болғанын қалаған адам Алла Тағаладан ғұмырында Рамазан айының көп болуын және сол уақытта ораза ұстауға шамасы жетуін ұдайы сұрап жүруі керек.

4 Бұл айда жындардың біразы шынжырланып, басқа айларда істейтін нәрселерін істей алмайды. Ардақты Алла елшісі (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): *«Рамазан айының алғашқы түні келгенде шайтандар мен азғын жындар кісенделеді, тозақтың есіктері жабылып, одан бірде-бір есік ашылмайды, жәннаттың есіктері ашылып, бірде-бірі жабылмайды»*, – дейді. Сондай-ақ осы хадистің жалғасында Рамазан айының алғашқы түнінде-ақ Алла Тағаланың көптеген құлын тозақ отынан құтқаратыны айтылған. Шын мәнісінде бұл әрбір мұсылманның арманы, ең үлкен олжасы десек қателеспеген болар едік. Өйткені мұсылманның мұраты – Жаратқанды разы етіп, жұмаққа жетелейтін амалдар жасап, тозаққа итермелейтін істерден аулақ болу. Ендеше, Рамазан айы келгенде мұсылман баласы кеудесін хикметке

толтырып, айналасына мейірім есігін айқара ашқаны жөн болады.

5 Соңғы түні болғанда олардың (мұсылмандардың) күнәлары кешіріледі. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) үмбеттеріне берілген ерекше қасиеттерді тізбектей келіп соңында Рамазан айының ақырғы түні мұсылмандардың күнәсі кешірілітенін жеткізеді. Сонда сахабалары: «Уа, Расулалла! Ол түн Қадір түні ме?» – деп сұрағанда: *«Жоқ, жұмысшы да ісін толық бітірген*


соң өзінің сыйын алмаушы ма еді? Сол сияқты», – деп жауап берген. Демек, бұған дейін айтылғандай сауабын Алладан үміт етіп шынайы иманмен күндіз ораза ұстап, түнде тарауық намазын, қосымша құлшылықтар атқарсақ, оразаның соңғы күні күнәлар толықтай кешірілмек. Бұл – Алла Тағаланың әділдігі һәм шексіз мейірім иесі екендігінің белгісі.

Қорыта айтқанда, Рамазан – тек ораза ұстаушылар үшін ғана Рамазан. Қасиетті жұма күні жұма намазға түрлі себеппен кешігіп қалған немесе ұмытып кеткен

адамның халі қандай болса, қасиетті айды оразасыз өткізген мұсылманның жағдайы одан да мүшкіл. Кім Рамазан айына аман-есен, дені сау болып жетсе, ораза ұстауға асығуы керек. Себебі оның шарапатына, игілігіне тең келер ештеңе жоқ. Өйткені құдси хадисте келгендей Алла Тағала: «Ораза тек мен үшін, оның қарымын (сауабын) өзім ғана беремін» деген.

Естай АЙТУҒАНҰЛЫ,
Қарағанды облысының бас имамы

Ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): «Алла Тағала Рамазан айының әрбір күні жәннаттың безендіріп оған: «Менің ізгі құлдарымның ауыртпалықтар мен тауқыметтерін тастап, саған кіретін күні жақын қалды», – дейді», – деп айтқан.



ҚАСИЕТТІ АЙДАҒЫ ҚАЖЫЛЫҚ САПАРЫ

Ұмра қажылығы – жыл он екі айдың ішінде парыз қажылығынан тыс уақытта орындалатын ғибадат түрі. Бұл сүннет амалдың рухани мәні терең, ол әрбір мұсылманның өміріне шуақ сыйлап, Жаратқанға жақындата түседі. Ал кіші қажылық дәл Рамазан айында атқарылса, нұр үстіне нұр болары айдан анық.

Соңғы кездері кіші қажылықтың насихаты ел ішінде кең тарап, ұмра қажылығына бару бұқаралық сипат алды. Бұған көпке танымал тұлғалардың ұмра сапарын жасауы, әлеуметтік желіде жарияланып жатқан фото, бейнероликтердің де әсері жоқ емес. Ұмра араб тілінде зиярат ету деген мағынаны білдіреді, яғни, кіші қажылық мұсылманның мойнынан парызды түсірмесе де, сауабы мол сапар саналады. Бұл ғибадаттың үлкен қажылықтан айырмасы – жылдың кез келген уақытында және бірнеше сағат ішінде орындалуында. Ұмра жасаудың үкімі Ханафи және Мәлики мәзһабтарында бекітілген сүннет болса, Шафиғи мен Ханбали мәзһабында жағдайы жететін әрбір мұсылманға өмірінде бір рет атқару – парыз.

Қазіргі уақытта Қағбаны зиярат етушілер саны миллионнан азаймайды. Ал Рамазан айында тіпті көбейеді. Өйткені мұсылман жұрты үшін Рамазан айы – сауап жинауға асығатын, жақсылықта жарысатын ерекше уақыт. Оның үстіне ардақты Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Рамазан айында жасалатын ұмра – қажылыққа тең»** деген

хадисі әрбір мұсылман үшін мотивация екені даусыз. Бұл жерде ұмраның сауабы үлкен қажылықтың сауабына тең деген мағынада екенін ескеру керек. Сондай-ақ Алла елшісінің: **«Рамазан айындағы ұмра Менімен жасаған қажылыққа тең»** деген хадисі де әрбір мұсылманды Мекке-Мәдинаға асықтырары анық.

Айта берсе, қасиетті айдағы қажылық сапарының ерекшелігі көп. Ең маңыздысы, ниеттің тазалығы. Өйткені, ізгі ғалымдар айтқандай: «Ниет аз амалды көп қылады, рия көп амалды жоқ қылады». Қажылық жасырын жасалатын құлшылық түрі емес, бірақ оны әсіресе, әлеуметтік желілерде жариялай беру рияға апарып соғуы ықтимал. Мүмкін болса, ұмра қажылығына дайындықты бастаған сәтте-ақ әлеуметтік желілерді қарауды, смартфонның күнделікті қажет қолданбаларынан өзгесін өшіріп немесе тоқтата тұрған абзал. Себебі әлеуметтік желілерге ештеңе салмасаңыз да оны қарай беру күнделікті әдет болғандықтан қасиетті сапар кезінде де ізіңізден «қалмайды». Ол құлшылығыңызға да, оның қарымы саналатын сауапқа да кері әсерін тигізуі ғажап

емес. Сол секілді көңілді алаңдататын әрбір дүниеден бас тарту құлшылықтың қадірін арттыра түспек.

Одан кейін қажылыққа аттанған ихрамдағы кісі күнделікті тұрмыстағы кейбір адал нәрселерден де уақытша тыйылуға міндетті. Мәселен, сабын, иіс су адал болғанымен, ихрам халінде оны ұмытып та қолдануға болмайды. Оған ораза айындағы күндізгі тыйымдарды қосыңыз. Сонда Рамазан айындағы қажылық сапарының тағы бір ерекшелігі адам бойында ихсанның қалыптасуына немесе артуына оң әсер беретінін байқайсыз. Ихсан – Жаратқанның үздіксіз бақылауын шынайы сезінудің шыңы болса, ихрам халі мен ораза осы биікке көтерілудің таптырмас жолы.

Рамазан айының ақырғы он күні – исі мұсылманның құлшылыққа айрықша мән беретін маңызды уақыты. Бұл ұмра жасаушылар үшін тіпті маңызды. Әлем мұсылмандарының Қағба маңына ең көп жиналатын уақыты Зұлхижжа айындағы үлкен қажылық маусымы және Рамазан айының соңғы он күні екен. Себебі әл-Харам мешітінде екі рәкағат намаз оқудың өзі таудай сауап екенін жақсы білеміз. Ал ақырғы он күнде қасиетті мешітте иғтикаф жасаудың әсерін, сауабы қандай болатынын өзіңіз ойлай беріңіз. Бір әрпінің өзіне жеке сауап берілетін қасиетті Құран Кәрімді қажылық сапарында, әл-Харам мешітінде оқудың да сауабы артпақ. Одан бөлек мың айдан да қадірлі болған қасиетті Қадір түні осы он күннің біріне жасырылғаны белгілі. Ендеше 83 жыл, 4 айға тең келетін қадірлі, берекелі түнді мүмкіндік туа қалса, ұмра қажылығында өткізуге талпыну керек.

Жылдың басқа кезеңдеріне қарағанда Рамазан айында кіші қажылыққа өте көп адам жиналатынын айтып өттік. Өйткені халқының саны жағынан алдыңғы қатардағы мұсылман

елдерінде үлкен қажылыққа квота кезекпен беріледі. Тіпті біздегі балабақшаға кезекке қоятыны секілді кейбір елдерде адам дүниеге келген сәттен бастап қажылық сапарына кезекке қояды. Сол себепті үлкен қажылыққа кезегі әлі келе қоймаған мұсылмандар ардақты Пайғамбарымызбен (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) жасаған және сауабы үлкен қажылыққа тең келетін Рамазан айындағы ұмра қажылығына асығады. Ал біздің халқымыз үшін қажылыққа бару үшін кезекке тұрудың қажеті жоқ. Сондықтан өзін мұсылман санайтын әрбір бауырымыз кіші не үлкен қажылыққа денсаулығы мен қаражаты жетіп тұрса, тартынып қалмағаны дұрыс деп санаймыз. Құран Кәрімдегі «Әли Имран» сүресінің: **«Оның жолында шамасы келген кісілер Алла үшін Қағбаны зиярат етуі керек»**, – делінген аяты әрқайсымызды ойландыруы тиіс. Өйткені ұмра қажылығы да – күнделікті бес уақыт намаздан бөлек құлшылықтар секілді сүннет амал.

Алла Тағала өзін әрдайым еске алатын пендесін жақсы көреді, жарылқайды және дүние-ақыретіне береке береді. Рамазан айы отыз күнге созылса, соның он күнін ұмра сапарына арнай алсақ, ниетімізді дұрыстап, құлшылыққа құлшына кіріссек, оразадан кейінгі рухани өміріміздің қалай өзгергенін байқар едік. Хадистерде: **«Бір ұмра екінші ұмраға дейінгі аралықта жасалатын күнәларға кәффарат, ал, қабыл болған қажылықтың сауабы тек қана жәннат»** деп мұсылмандарды сүйіншілейді. Бұл қажылық жасауға жағдайы жететін әрбір мұсылманға рухани серпін болары сөзсіз.

Жанділлә БЕКЖІГІТОВ,
ҚМДБ Қажылық бөлімінің меңгерушісі

ОРАЗАДА ДҰРЫС ТАМАҚТАНУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Рамазан айында күннің екі сәті ерекше қадірлі: сәресі – ниетті бекітіп, денеге қуат беретін таңғы мезет, ауызашар – сабырдың сыйы, шүкірдің көрінісі. Бұл екеуі тек ас ішу уақыты емес, мұсылманның тәртібі мен мәдениетін қалыптастыратын күнделікті амал. Дастарқанға қоятын тағамымыз да, оны жеу әдебіміз де оразаның жеңіл өтуіне тікелей әсер етеді.

Ағзаны оразаға дайындау, суды дұрыс ішу – Рамазанның берекесін арттыратын қарапайым қадамдар. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сәресі туралы: **«Сәресіні ішіңдер, өйткені сәресінде береке бар»** деп айтқан.

Оразаның күнделікті тәртібіндегі алғашқы маңызды сәт – сәресі. Сәресіне күні бойы бірқалыпты қуат беретін тағам таңдау қажет. Ол үшін жылдам сіңетін тәттілер мен ақ ұннан пісірілген тоқаштарға сүйенбей, күрделі көмірсу, ақуыз және пайдалы майдың тепе-теңдігін ұстаған дұрыс. Мысалы, сұлы немесе қарақұмық сияқты дәнді дақылдар, жұмыртқа не сүзбе, көкөніс пен көк, аздаған жаңғақ аштықты ұзақ ұстайды. Егер шай ішсеңіз, қантты азайтып, оның орнына жылы су мөлшерін көбейткен пайдалы.

Сондай-ақ сәресінде ақуызға бай тағамдарды тұтыну ұсынылады. Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүт ішуі де осыған дәлел. Сүт пен айран секілді табиғи сүт өнімдері асқазанды ауырлатпай, шөлді азайтып, бұлшық ет тіндерінің ыдырауын тежейді. Гарвард университетінің қоғамдық денсаулық сақтау мектебінің зерттеуінде ақуызға бай таңғы ас ішкен адамдарда аштық гормоны грелиннің деңгейі төмен болатыны анықталған. Бұл ораза кезінде әлсіздік пен бас айнарудың алдын алуға көмектеседі.

Сонымен қатар күрделі көмірсуларға жататын сұлы ботқасы, қарақұмық, тұтас дәнді нан сәресіндегі қолайлы тағамдар қатарында аталады. Дәрігерлер мен нутрициологтар сәресінде тұзды, қуырып дайындалған, тым тәтті немесе өңделген тағамдардан бас тартуға кеңес береді. Мұндай ас шөлді күшейтіп, асқазанға салмақ түсіреді. Сондықтан сәресінде таза су, құрма, жұмыртқа, көкөніс, сүт өнімдері секілді халал әрі табиғи тағамдарды таңдау – әрі сүннетке сай, әрі ғылыми тұрғыдан негізделген амал.

Гарвард медициналық мектебінің нутрициология саласындағы зерттеулерінде таңғы ас ішпейтін адамдарда қандағы қант деңгейінің тұрақсыздығы, әлсіздік пен зейіннің төмендеуі жиі кездесетіні анықталған. Нутрициологтар сәресіде баяу қорытылатын көмірсулар мен жеткілікті ақуыз қабылдауды ұсынады. Атап айтқанда, сұлы немесе арпа ботқасы, қарақұмық, жұмыртқа, айран, сүзбе, ірімшік, тұтас дәнді нан секілді тағамдар күні бойы тоқтық сезімін сақтауға көмектеседі. Сонымен қатар, дәрігерлер сәресінде таза су ішуге ерекше мән береді, себебі сусыздану оразаның ең жиі кездесетін қиындықтарының бірі. Сондықтан сәресінде табиғи, өңделмеген, жеңіл әрі нәрлі тағамдарды таңдау – әрі сүннетке сай, әрі медициналық тұрғыдан ең дұрыс шешім.

Ауызашардың да дұрыс өтуі тікелей сәресінде желінген асқа байланысты екені ескерілуі тиіс. Өйткені сәресінде таңдалған тағам күні бойы аштықтың қалай өткерілетініне әсер етеді. Ұзақ аштықтан кейін Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ауызды құрмамен немесе сумен ашуды әдет етуі де осы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған. АҚШ пен Катар университеттерінің бірлескен зерттеулерінде құрманың гликемиялық индексі төмен екені, яғни қандағы қантты бірден емес, біртіндеп көтеретіні анықталған. Бұл ұзақ аштықтан кейін инсулиннің күрт бөлінуінің алдын алады. Демек, сәресі мен ауызашардағы сүннет тағамдар – тек діни амал емес, адам ағзасының табиғи қажеттілігіне толық жауап беретін өмір салты. Ауызашарда ішетін тағамның құрамы мен мөлшері де шарифат пен медицинаның ортақ қағидаларына негізделеді. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ауыз ашқаннан кейін бірден ауыр асқа көшпей, жеңіл тағаммен шектелгені риуаят етіледі. Хадистерде ол кісінің құрма мен судан соң намаз оқып, кейін ғана тамақтанғаны айтылады. Бұл амал асқазанға біртіндеп жұмыс істеуге мүмкіндік беріп, ағзаны ауыр жүктемеден сақтайды.

Қазіргі медицина бұл сүннеттің даналығын нақты деректермен дәлелдейді. Дүниежүзілік гастроэнтерология ұйымының ұсынымдарына сәйкес, ұзақ аштықтан кейін майлы, қуырылған және өте тәтті тағамдарды бірден жеу асқазан-ішек жолында түйілу, қызыл және инсулиндік стресс тудыруы мүмкін. Сондықтан дәрігерлер ауызашарда алдымен су, құрма, жеңіл көкөніс сорпасы немесе сұйық ботқа ішуге кеңес береді. Бұл асқазан сөлінің бөлінуін қалыпқа келтіріп, ас қорыту жүйесін негізгі тағамға дайындайды. Нутрициологтардың пікірінше, ауызашар мәзірі теңгерімді болуы керек: ақуыз, күрделі көмірсулар және пайдалы майлар белгілі бір мөлшерде ғана қамтылуы тиіс. «Journal of Nutrition» журналында жарияланған зерттеуде ораза кезінде ақуызға бай, бірақ майы аз тағамдарды тұтыну бұлшық ет массасының сақталуына және жалпы әл-ауқаттың жақсаруына ықпал ететіні көрсетілген. Осы тұрғыдан алғанда, ауызашарда қайнатылған ет, балық, бұршақ тұқымдастар, көкөністер мен тұтас дән-ді өнімдер қолайлы саналады.

Дәрігерлер де шамадан тыс тамақтанудың ұйқының бұзылуына, салмақ қосуға және жүрек-қантаныр

жүйесіне салмақ түсіретініне назар аударады. Осылайша, ауызашарда мөлшерді сақтау – рухани тәрбиемен қатар, денсаулықты қорғаудың сенімді жолы. Оразаның мәні де дәл осы тепе-теңдікте: адам тәнін ғана емес, әдеті мен нәпсісін де тәрбиелейді.

Сондай-ақ, ораза кезінде маусымдық және климаттық ерекшеліктерді ескеру де маңызды. Қыс пен көктемнің аралығында ораза ұстағанда ағза жылу мен қуатқа мұқтаж болады. Британдық диетология қауымдастығы салқын мезгілде ақуыз бен пайдалы майлардың жетіспеуі иммунитеттің төмендеуіне әкелетінін айтады. Сондықтан сәресіде ботқа, жұмыртқа, сүт өнімдері, ал ауызашарда сорпа мен ет тағамдарын тұтыну – орынды таңдау. Ал ыстық аймақтарда тұратындар үшін басты мәселе – сусыздану. Күн ұзаққа аш жүрген кезде ағзаның ең әуелі мұқтаж болатыны – су. Түрлі медициналық зерттеулер Рамазан айында су теңгерімі сақталмаса, бас ауруы мен бүйрекке салмақ түсуі мүмкін екенін көрсеткен. Бұл деректер ауызашар мен сәресі арасында суды жеткілікті мөлшерде ішудің маңызын дәлелдейді.

Бұдан бөлек қазақ дастарқанындағы «ақ» тағамдар (айран, қатық, сүзбе, ірімшік, құрт және т.б.) Рамазанда орнымен қолданылса, өте пайдалы. Ақуыз ағзаның қалпына келуіне көмектеседі, ал ашытылған сүт өнімдері ас қорытуға жайлы болуы мүмкін. Дегенмен, лактозаға сезімтал адамдарда кебу мен жайсыздық болуы ықтимал. Ондайда кәдімгі сүттің орнына айран немесе қатық сияқты ашытылған түрін, әрі аз мөлшерде таңдаған дұрыс.

Қорытындылай келе, сәресі мен ауызашар Исламдағы адал мен арам қағидаларына сүйеніп, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетімен бекітілген және қазіргі шетелдік ғалымдардың зерттеулері арқылы толық расталған өміршең амал екені анық көрінеді. Бұл үйлесім сақталған жағдайда ораза адамды әлсіретпейді, керісінше, рухани тазалық пен дене саулығын қатар нығайтады. Сондықтан Рамазан айында сәресі мен ауызашарда дұрыс тамақтану – әрбір мұсылман үшін әрі діни жауапкершілік, әрі денсаулыққа салынған маңызды инвестиция.

Айбек АСҚАРБЕКҰЛЫ,

ҚМДБ «Халал Даму» мекемесінің директоры



ОРАЗА – АШТЫҚ ТА, ДИЕТА ДА ЕМЕС

Соңғы жылдары ораза туралы әртүрлі пікірлер айтылып қалуда. Біреулер оны денсаулыққа пайдалы ашығу десе, екіншілері заманауи «детокс бағдарламасымен» теңестіреді. Әлеуметтік желілерде де оразаны тек диета немесе уақытша тамақтан тыйылу ретінде көрсету жиі кездеседі. Алайда мұндай түсініктер оразаның шынайы болмысын толық ашпайды. Ораза – аштық та емес, диета да емес. Адамды рухани кемелдікке жетелейтін, рух пен мінезді тәрбиелейтін құлшылық.

Аштық пен оразаның айырмашылығы

Аш жүрген адам кез келген уақытта тамақтануы мүмкін. Ал ораза ұстаған жан Алланың разылығын ниет етіп, таң атқаннан күн батқанға дейін нәр татпайды. Шариғат белгілеген уақытқа, тәртіпке және талапқа бағынады. Аштықпен емделуші адам жылдың кез-келген мезгілінде аш жүре береді. Ал ораза тек Рамазан айында ғана ұсталады. Аштық кезінде су немесе басқа да сұйықтықтар ішуге рұқсат етіледі, ораза ұстаушы ішіп-жемнен толық тыйылады. Ең бастысы ас-судан ғана емес, өтірік пен өсек айтудан, біреуді ренжітуден, ұрыскерістен және басқа да рухани зиянды әрекеттерден де сақтанады. Осы тұрғыдан алғанда, ораза адамды өзін-өзі бақылауға, сабыр мен төзімге тәрбиелейді. Ибн Мубарак: «Әр нәрсенің есігі бар. Ал ғибадаттардың есігі – ораза» делінген.

Аштық – физиологиялық қажеттілік немесе белгілі бір мақсатпен жасалатын әрекет. Ал оразаның ең басты ерекшелігі – ниетке байланысты. Ораза таң атқаннан күн батқанға дейін тек ішіп-жеуден тыйылу ғана емес, Алла разылығы үшін саналы түрде өзін-өзі шектеу. Нақ осы ниет оразаны жай ашығудан түбегейлі ажыратады. Ниетсіз аштық – дененің ісі болса, ниетпен ұсталған ораза – жүректің амалы.

Қоғамдағы ұрыс-керістердің, қылмыстардың көбі жүйкесі жұқа болудан, сабырсыздықтан туындайды. Хадистерде: «**Ораза сабырдың жартысы. Сабыр – иманның жартысы**», – делінген. Осылайша оразаның иманнан екенін білдік. Иманды адам қылмыс пен күнәдан аулақ жүреді. Барлық нәрсенің зекеті бар. Ал дененің зекеті – аштық. Ораза ұстап аш болған адамның қалаулары бұзылғандықтан, сабыр етуі де оңай. Ораза

ұстаған адам аш жүреді. Аш жүрген адам даналыққа бейім, өзгені түсінуі тез. Дана кісілер: **«Аш болған адамның түсіну қабілеті артады, зейіні ашылады»**, – деген.

Адам баласы көбіне нәпсінің қалауымен өмір сүреді. Қалағанын жейді, айтқысы келгенін айтады, ашуын тежей алмайды. Ораза осы дағдыларды қайта қарауға мүмкіндік береді. Аштық арқылы адам өз әлсіздігін түсінеді, сабырдың қадірін біледі. Бұл – ішкі тәртіпке үйрететін рухани мектеп.

Ораза – детокс емес

Детокс ұғымы медицина мен диетология саласында қолданылады. Детокс – бұл ағзаны «тазарту» деген мағынада қолданылатын ұғым. Көбіне ол арнайы сусындар, шайлар, диеталар немесе басқа да тәсілдер арқылы ағзадағы «зиянды заттарды шығару» деп түсіндіріледі. Ол белгілі бір ағзаны тазалау немесе салмақ тастау мақсатында жасалады. Ал, оразаның басты мақсаты – денені емес, жүректі тазарту. Ниетті түзету, тәкаппарлықтан арылу, нәпсіні тізгіндеу – оразаның негізгі миссиясы. Сондықтан оразаны детокс деп атау – оны тек материалдық деңгейде түсіну деген сөз.

Рухани тазару жолы

Ораза – өз-өзіңмен оңаша қалып, ішкі жан дүниеңе үңілуге берілген мүмкіндік. Бұл айда адам өткеніне есеп беріп, қателігін мойындап, түзелуге талпынады. Көп жағдайда күнделікті қарбаласта ұмытылатын рухани құндылықтар ораза кезінде қайта жанданады. Оразаның

тағы бір маңызды қыры – оның әлеуметтік мәні. Аш жүрген адам мұқтаждың халін тереңірек сезінеді. Осы сезім мейірімділікке, қайырымдылыққа жетелейді. Пітір садақа беру, ауызашар ұйымдастыру, өзгеге көмектесу – оразаның қоғамды біріктіретін тұстары. Ораза адамды тек жеке рухани дамуға емес, қоғамдық жауапкершілікке де тәрбиелейді.

Көп тамақ жейтін адам көп ұйықтайды, көп ұйықтайтын адамның өмірі босқа өтеді. Көп тамақ жейтін кісі мас сияқты, ақыл-есі қажиды. Зеректігі, зейіні әлсірейді. Аштық болса, көңілде нәзіктік тудырады. Әрдайым тоқ жүретін адам мейірімсіз келеді. Тоқ адам аштың жағдайын білмейді. Ондай адам дөрекі және қатал. Дана кісілер: **«Көп ішіп-жеу арқылы жүректеріңді өлтірмеңдер!»** делінген.

Нағыз ораза адамның мінезінен көрінеді. Егер адам аш жүрсе де, тілін тыймаса, ашуын жеңе алмаса, өзгеге қатал болса, онда оразаның рухы толық сезілмейді. Сондықтан ораза – мінезді көркемдеудің, адамгершілікті арттырудың амалы.

Түйін

Оразаны аштықпен немесе детокспен шектеу – оның маңызы мен мәнін төмендету. Шын мәнінде, ораза – рухани тәрбие, ішкі тазалық, нәпсіні тәрбиелеу және қоғамға пайдалы тұлға қалыптастыру жолы. Ол денені ғана емес, жүрек пен ойды тәрбиелейді. Сол себепті ораза – уақытша диета емес, өмірлік сабақ.

Кеулімжай ҚҰТТЫ



ОРАЗАДА ОҚЫЛАТЫН ДҰҒАЛАР

Қасиетті Рамазан айы – дұғалар қабыл болатын, әрбір мұсылманның көкейінде жүрген арман-тілегі орындалатын ерекше ай. Бұл айда сауабын бір Алладан үміт етіп күндіз ораза ұстаған және түнде гибадат жасаған жандар үшін маңызды дұғалар бар. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының «Muftiyat» баспасынан жарық көрген «Рамазан оразасына қатысты нәтуалар» арнайы кітапшасындағы оразаға қатысты дұғаларды назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Сәресінде оқылатын дұға. Сәресіне тұрудың артықшылығы және бұл уақытта жасалған дұғаның қабыл болатыны жөнінде хадистер көп. Мәселен, ардақты Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Сәресі тамағы – берекет. Бір жұтым суда болса, оны тастамаңдар. Өйткені сәресіде тамақтанғандарға Алла рақым етіп, оларға періштелер кешірім тілейді»,** – деп айтқан.

Бұл жайлы имам Нәуауи: «Хадисте берекет бар деп келуі адам сәресіде тамақ ішумен қуат алып, ораза ұстауға белсенділігі және қызығушылығы

артады. Сондай-ақ сәресі уақытында дұға жасалып, зікір айтылады. Алланың мейірімі түсетін дұға мен истиғфар қабыл болатын уақыт. Ол уақытта тұрған адам дәретін алып, намазын оқып, таңның атуын күтіп сауапқа кенелу артықшылығы да бар», – деген.

Ауыз бекітетін кезде мына дұғаны жасау керек: **«Нәуәйту ән асумә саумә шәһри Рамаданә минәл фәжри иләл мағриби халисан лилләһи тағалә».**

Мағынасы: «Таңертеңнен кешке дейін Алланың ризалығы үшін Рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім».

Ауызашарда айтылатын дұға. Ауызашар уақыты – дұға қабыл болатын сәт. Сол үшін ауыз ашқанда дұға жасау – мұстахап. Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Үш адамның дұғасы қайтарылмайды: Ораза ұстаушының ауыз ашқанға дейінгі, әділ басшының, жәбірленушінің дұғасы. Алла Тағала оның (жәбірленушінің) дұғасын бұлттың үстіне көтеріп, оған аспан қақпалары ашылады. «Ұлықтығыма серт! Саған міндетті түрде жәрдем беремін. Тіпті біраз уақыттан кейін болса да»,** – дейді», – деген.

Ауыз ашатын уақытта мына дұғаны айтқан абзал: **«Аллаһумма ләкә сумту уә бикә әәмәнту уә ‘аләйкә тәуәккәлту уә ‘ала ризқикә әфтарту.**

Зәхәбә Зомә уәбтәллатил-‘уруқ уә сәбәтал-әжру ин шәә Алла».

Мағынасы: «Алла Тағалам! Сенің ризалығың үшін ораза ұстадым. Сенің берген ризығыңмен аузымды аштым. Саған иман етіп, саған тәуекел жасадым. Шөл кетті, тамырлар суланды, иншалла, сауабы да жазылды». Бұл туралы Ибн Омардан жеткен хадисте былай айтылған: «Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) ауыз ашқанда: **«Зәхәбә Зомә уәбтәллатил-‘уруқ уә сәбәтал-әжру ин шәә Алла»,** – деп дұға жасайтын». Тағы бір хадисте: **«Аллаһумма ләкә сумту уә ‘ала ризқикә әфтарту»,** – деп дұға жасағаны айтылады.



Тарауық намазында оқылатын тасбих дұғасы. Тарауықтың әрбір төрт ракағатынан кейін және үтір намазынан бұрын төрт ракағат намаз мөлшеріндей отыру сәләф (алдыңғы буын) ғалымдарынан мұра ретінде жетіп келген. Әбу Ханифадан осылай риуаят етілген. Негізі «тәруиха» сөзі аздаған демалыс дегенді білдіреді. Оны жүзеге асыру үшін төрт ракағат намаздың уақытындай отырады. Мекке тұрғындары әр тарауықтың арасында Қағбаны жеті рет тауаф етсе, мәдиналықтар жеке тұрып төрт ракағат намаз оқитын. Әр қала тұрғыны тәсбих тарта ма, тәһлил айта ма, үндемей күтіп отыра ма немесе жеке тұрып намаз оқи ма өз еркі.

Оқылуы: «Субхана зил-мулки уәл-мәләкут. Субхана зил-иззати уәл-азамати уәл-құдрати, уәл-кибриаи уәл-жәбарут. Субханәл-мәликил-хайилләзи лә янаму уә ла ямут. Суббухун, құддусун Раббуна уә Раббул мәләәикәти уәрруух. Лә иләһә илла Алла настағфируллаһ. Насәлукәл джанната уә нағузу бика минәннаар».

Мағынасы: Жердегі және аспандағы жаратылыстардың иесі – Алла Тағаланы әрқандай кемшіліктен пәк деп білемін. Үстемдік, ұлықтық, құдірет және жоғары мәртебелік иесі – Алла Тағаланы әрқандай нұқсаннан пәк деп білемін. Еш өлмейтін, мәңгі тірі, бүкіл әлемнің патшасы – Алла Тағаланы әрқандай айыптан

пәк деп білемін. Ол мін-кемшіліктерден пәк әрі таза, періштелердің және Жәбірейілдің Раббысы, бір Алладан басқа құдай жоқ. Біз Алла Тағаладан күнәларымыздың кешірілуін сұраймыз. (О, Жаратқан Иеміз!) Сенен жәннатты сұраймыз, Саған тозақ отынан құтқар деп сиынамыз.

Тарауық намазы аяқталып, бесінші тәсбих айтылғаннан кейін мына дұға оқылады:

Иә, Алла! Мұхаммедті және оның қауымын рақым етіп, аман қыла гөр. Иә, Алла! Бізді иман зейнетіне, тура жол және танымдық шарапатына бөле, рамазан айының оразасымен сыйла, бізге жәннатты нәсіп ет, күнәларымызды кешір. Уа, пәк Алла, біздің оқыған тарауық намазымызды қабыл ет. Уа, рақымды әрі бізге сұрамастан алдын ала беретін Алла, Өзіңнің кеңшілігіңмен әрі жомарттығыңмен біздің дұғамызды қабыл ет! Уа, аса рақымдылардың рақымдысы! Барлық жақсылық Сенің рақымыңмен ғана.

Қадір түні оқылатын дұға. Айша анамыздан (Алла оған разы болсын) жеткен риуаятта ол былай дейді: «Уа, Алланың елшісі! Мен Қадір түніне сәкес келіп жатсам не деп дұға етейін?» – деп сұрадым. Пайғамбарымыз

(оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) сонда былай деді: **«Аллаһумма иннәкә афуун тухиббул-афуә фағфу әнни (Уа, Алла! Сен кешірімдісің, кешіргенді жақсы көресің. Менің күнәларымды кеш)» – деп айт».**

НАУҚАС АДАМ ОРАЗАНЫ ҚАЛАЙ ҰСТАЙДЫ?



Ауру – ораза ұстамауға рұқсат етілетін шариги үзірлердің бірі. Алайда аурудың түріне қарай үкімі де әртүрлі болады. Фиқһта сырқат түрі екіге бөлініп қарастырылады.

Біріншісі, жазылатын (уақытша) ауру. Егер ораза ұстау себебінен ауру асқынып кететін болса немесе жазылуы баяуласа, онда ораза тұтпауға рұқсат етіледі. Мысалы, аузын ашпаған жағдайда ыстығы көтерілсе немесе науқас төсек тартып жатып қалса, тұрып намаз оқуға шамасы келмей қалса, мұндай жағдайда оразаны бұзуға болады. Имам Нәсафи «Кәнзу әд-Дақайқ» кітабында: «Арудың асқынуынан қорықса, аузын ашуға рұқсат», – деген.

Әрине бұл жерде адамның өз тәжірибесіне немесе білікті дәрігердің кеңесіне сүйенуі қажет. Яғни, ораза денсаулығына нақты зиян тигізетіні анық болса ғана ауыз ашуға рұқсат етіледі. Емделіп болғаннан кейін ұстай алмаған ораза күндерінің қазасын өтейді. Алла Тағала «Бақара» сүресінің 184-аятында: **«Сонда кім сендерден науқас немесе жолаушы болып, ораза ұстамаса, (қаза болған күндерін) басқа күндерде өтесін»,** – деген.

Алайда аурудың барлық түрі ауыз ашуға себеп бола бермейді. Кейбір жеңіл аурулар ораза ұстауға кедергі емес. Тіпті кей жағдайда ораза ұстау науқас адамға шипа болуы мүмкін. Өйткені оразаның көптеген ауруға ем болатыны ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Екіншісі, ораза ұстауға шамасы жетпейтін, созылмалы (хроникалық) ауру. Жыл бойы ораза ұстауға мүлде шамасы келмейтін қария кісіге және созылмалы

дерті бар кісіге (өмір бойы ауыратын) ораза ұстамауға рұқсат етіледі. Созылмалы ауруы бар немесе ораза ұстауға шамасы жетпейтін қарт кісі әр күнге підия береді. Яғни, оларға күніне бір міскінді ораза кәффаратындағыдай тамақтандыру (таңғы және кешкі ас) уәжіп болады. Бұл жөнінде Алла Тағала «Бақара» сүресінің 184-аятында былай деген: **«Ораза ұстауға шамасы әзер жететіндер** (яғни, қарттар және созылмалы дертке шалдыққан науқастар қаза болған әр күнге) **підия ретінде бір жарлының** (бір күндік екі мезгіл) **тамағын** (немесе соның құнын ақшалай) **беруі керек».** Ибн Аббас бұл аятты ораза ұстауға шамасы келмейтін үлкен жастағы қария кісі мен қартайған әйел деп түсіндірген.

Алайда, науқас адам алдағы уақытта созылмалы ауруынан айығып кетсе, әлсіреген адам күш жинаса, үзірі кеткен болып саналады да, ұстамаған оразаларының қазасын өтеуі міндет болады. Өйткені підия беру тек ауру немесе әлсіздік өмірінің соңына дейін жалғасатын жағдайда ғана рұқсат етіледі.

Қорыта айтқанда, Ислам діні адамға ауыртпалық салуды көздемейді. Ауру оразадан босатуға себеп бола алады, бірақ ол нақты зиян болуы шарт. Сондықтан мұсылман адам денсаулығын, дәрігер кеңесін және шариги үкімдерді ескере отырып шешім қабылдауы тиіс.

БАЛАЛАРҒА АУЫЗ БЕКІТУ МІНДЕТ ПЕ?

Рамазан айы келген сайын балалардың ораза ұстауына қатысты қоғамда түрлі пікірлер мен талқылаулар туындайды. Бір тарап балаларды оразаға үйретуді қолдап, ынталандырса, ал екінші тарап денсаулығы мен психологиялық жағдайын алға тартып, сақтандыруды жөн көреді.

Осы сұрақ-жауапта біз бұл мәселені фикһтық және тәрбиелік қырынан қысқаша, бірақ негізгі тұстарын қамти отырып қарастырамыз.

Рамазан айында ораза ұстау – денсаулығы жарайтын, кәмелетке толған, ақыл-есі дұрыс әрбір ер және әйел мұсылманға парыз. Алла Тағала Құран Кәрімде «Бақара» сүресінің 183-аятында: **«Уа иман келтіргендер! Сендерге бұрынғыларға парыз етілгендей ораза парыз болды, бәлкім сақтанарсыңдар»**, – деген.

Жоғарыда айтқанымыздай ораза ұстаудың шарттарының бірі ораза ұстаушы балиғат жасында болуы керек. Ғалымдардың бірауызды келісімі бойынша балиғатқа жетпеген балаға ораза ұстау парыз емес.

Хазіреті Әлиден (Алла оған разы болсын) келген хадисте Пайғамбарымыз (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын): **«Үш адамнан қалам көтерілді (яғни күнә жазылмайды): айыққанға дейін жынданған адамнан, оянғанға дейін ұйқыдағы адамнан, балиғатқа толғанға дейін баладан»**, – деген. (Әбу Дәуіт, №4403).

Алайда, егер бала өз еркімен ораза ұстаса, оның оразасы дұрыс болып саналады және ол үшін сауап алады. Ал ораза ұстамағаны үшін күнә да, шариғи жауапкершілік те жүктелмейді. Сондай-ақ балиғатқа толмаған бала бір себеппен оразасын бұзса, оған каффарат та, әр күніне қаза ораза да міндеттелмейді.

Әйтсе де, балиғатқа толмаған балаларды оразаға баулу және үйрету мақсатында ауыз бекітуді – мұстахап. Хадисте: **«Біз балаларымызға ораза ұстатқызатынбыз, сосын оларға жүннен ойыншық жасап қоятынбыз. Егер біреуі тамақ сұрап жыласа, ауызашар уақыты келгенше (ермек қылып отырсын деп) сол ойыншықты**

беретінбіз», – делінеді. (Бұхари, №1960). Бұл хадис және бұдан да басқа хадистер сахабалардың балаларды оразаға жұмсақ әрі тәрбиелік әдіспен үйреткенін, мұның шариғатта рұқсат әрі құптарлық іс екенін көрсетеді.

Балалардың ораза ұстауының, әсіресе қазіргі заманда, көптеген тәрбиелік, пайдалы тұстары бар: Мысалы;

- Баланы құлшылыққа үйрету, оразаға дағдыландыру. Бұл оның балиғатқа жеткенде оразаны ауырсынбай қабылдауына көмектеседі.
- Баланың жүрегінде оразаға деген сүйіспеншілік пен оң эмоциялық байланыс қалыптастыру;
- Рамазан айының қадірін сезіну, Алланың белгілерін құрметтеу;
- Нығметтердің қадірін білуге тәрбиелеу;
- Ата-ананың тәрбие жауапкершілігін орындауы.

Имам әл-Ғазали «Ихия улум әд-дин» еңбегінде: «Баланы тәрбиелеу – ең маңызды істердің бірі. Бала – ата-анасына аманат. Оның жүрегі таза, қандай нәрсе сіңірілсе, соған бейімделеді...» – деп айтқан.

Қорыта айтқанда, балалардың оразасы – олардың жүрегін Исламның ұлы құлшылықтарымен байланыстыруға үлкен мүмкіндік. Ата-аналар балаларды оразаға зорлықпен емес, даналықпен, мейіріммен, жас ерекшелігін ескере отырып үйретуі керек. Дұрыс тәсіл қолданылса, бұл амал баланың дінге деген сүйіспеншілігін арттырады, ал керісінше жағдайда оны оразадан бездіріп алу қаупі бар.

Дайындаған Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

ДІНИ САЛАНЫҢ ҚҰРМЕТТІ АҚСАҚАЛЫ ЕДІ...



Ережеп айының қасиетті Миграж түні, жұма күні таңғы уақытта Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының негізін қалаған, қадірлі дін қайраткері Рәтбек қажы Нысанбайұлы дүниеден өтті. Сексен алты жасында бақилық болған ақсақалдың азаматтық болмысы, адуынды мінезі әрі ел мен жерге, дінге деген жанышылдығы көптің есінде ұзаққа сақталары сөзсіз.

Ақсақал Діни басқарманы өзі құрған және бас мүфти болған сындарлы кезең жайлы естелігін «Иман» журналының 2025 жылғы 35 жылдыққа орай жарық көрген мерекелік санында бөліскен болатын. Ел егемендікке енді ғана қол жеткізіп, еңсесін тіктеуге кіріскен уақытта жұмысын бастаған мүфтият үшін де 90-жылдар оңай болмағаны хақ. Қиын-қыстау уақытта жоқтан бар жасап, тек бір Алланың разылығы және ұлт қамы үшін тер төгем деген діндар азаматтарды жанына жинаған да осы Рәтбек хазірет болатын. Оның тағы бір ерлігі елге кірем деген мысықтілеу миссионерлердің жолын кесуі еді. Бұл жөнінде өзі: «Ағымдар алдымен Өзбекстанды, кейін Тәжікстанды, Шешенстан мен Қырғызстанды шырмап алды. Бізді де азғырып, адастыруды көздейтіндер көп. Ешкімнің де біздің мемлекетіміздің тұтастығына, халқымыздың амандығына жаны ашиды деп айта алмаймын. Сондықтан, өз болмысымызды, дініміз бен елдігімізді қорғау – өз қолымызда», – деп әлі күнге өзекті болып отырған маңызды мәселені айтып өтті.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» демекші, Рәтбек Нысанбайұлы хазіреттің соңында өлшеусіз еңбегі, көпшілік білетін әрі білмейтін игі істері қалды. Марқұмның бұл дүниедегі жасаған әрбір жақсы амалы өзіне шапағатшы болғай. Діни басқарманың тұңғыш төрағасы, алғашқы бас мүфти Рәтбек қажы Нысанбайұлын Алла Тағала алдынан жарылқасын деп тілейміз.



IMAN

ДІНИ-ТАНЫМДЫҚ ЖУРНАЛЫ
Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының
ресми журналы

Меншік иесі:
«Иман-сенім» ЖШС

Редакция алқасы:

Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ (төраға)
Кенжетай ДҮЙСЕНБАЙ
Сансызбай ҚҰРБАНҰЛЫ
Ермек МҰҚАТАЙ
Ғылымбек МӘЖИЕВ
Мұхаммед-Хусейн АЛСАБЕКОВ
Ершат ОҢҒАР
Батыржан МАНСҰРОВ
Смайыл СЕЙІТБЕКОВ
Ағабек ҚОНАРБАЙҰЛЫ
Хасан АМАНҚҰЛ
Нұрбек ЕСМАҒАНБЕТ
Жәнділлә БЕКЖІГІТОВ
Естай ӘБДІҒАЛИ
Жолдас БЕРДІМҰРАТОВ
Керімбек ДӘУІТОВ
Бейбіт ЖАНСАРИН
Ерболат ЖҮСПОВ
Асқар ЗӘКІРЖАНҰЛЫ
Әнуар ЕЛЖАНОВ
Бақдәулет НҰРМАТҰЛЫ
Асқар МҰҚАНОВ
Мадияр ПІРІМҚҰЛОВ
Хамзат ҚАЖЫМҰРАТҰЛЫ
Самат ҚАНАТҚАЛИҰЛЫ
Дастан ҚҰРМАНБАЕВ
Болатбек ҰЛАСҚАНҰЛЫ
Төлеби ОСПАН
Амантай САДИЕВ
Думан НӘДІРҰЛЫ
Қуаныш СӘБИТ
Ержан ТӨЛЕПОВ
Бектұрсын УАЛИЕВ

Директор-бас редактор
Кеулімжай ҚҰТТЫ

Жауапты хатшы
Ермұрат НАЗАРҰЛЫ

Шариғи редактор
Медет ҚҰРМАШҰЛЫ

Техникалық редактор
Асқар БАЙҚОҢЫРҰЛЫ

Редакцияның мекенжайы:
Астана қаласы, Мәңгілік ел, 65
«Иман» журналының редакциясы

Пошта: iman@muftyat.kz
Телефон: +7 (7172) 999866
Жазылу индексі: 75998

Журнал айына 1 рет шығады

Мәдениет және ақпарат
министрлігінде тіркеліп,
№3176 ж күәлігі берілген
«Иман» журналы редакциясының
компьютерлік орталығында беттелді.

Таралымы – 14 830

Тапсырыс: №259

«Жедел басу» баспаханасы,
Алматы қаласы, Ырысты көшесі, 46/2а
Журналда жарияланған материалдарды
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Басылымда Алла Тағаланың есімі
мен Құран аяттары жазылғандықтан,
журналды аяқасты етпеулеріңізді
сұраймыз.